



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**Келісілген**

Өнер, мәдениет және спорт институты  
Институт кеңесінің төрағасы

Исабек Н.Е.

(қолы)

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201 \_\_\_\_ ж.

**Бекітемін**

Дене мәдениеті және спорт педагогтарын  
даярлаудың теориясы мен әдістемесі  
кафедрасы. Кафедра меңгерушісі  
Ильясова А.Н.

(қолы)

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201 \_\_\_\_ ж.

## **ПӘННІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ**

**«Педагогикалық шешендік»**

**«5В010800 – Дене мәдениеті және спорт»**

**Алматы, 2017**

Жұмыс оқу бағдарламасы:

- 6B010800 - «Дене мәдениеті және спорт» мамандығы бойынша жоғары кәсіби білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- «\_\_»\_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. бекітілген «6B010800 - «Дене мәдениеті және спорт» мамандығы бойынша оқу жоспары негізінде даярланады.

**Құрастырушы:**

п.ғ.к., қауымдастырылған  
профессор

Абдреимова К.А.

Кафедра меңгерушісі  
п.ғ.д., профессор

Ильясова А.Н.

**ПӘННІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕННІҢ  
ТІРКЕУ МАЗМҰНЫ**

№	Құжаттың атауы	беті
1	Силлабус: 1. Пән туралы ақпарат 2. Пәннің қысқаша сипаттамасы 3. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар 4. Оқу-әдістемеліктің жабдықтау картасы 5. Бағалау критеріі және ағымдық бақылауды өткізу бойынша ұсыныстар	4
2	Дәріс тезистері	16



## СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ПӘН СИЛЛАБУСЫ

### 1. Пән туралы ақпарат

Пәннің атауы	Педагогикалық шешендік
Кредит саны	2
Курс, семестр	4 курс, 7 семестр
Мамандықтың шифры және атауы	«5В010800 – Дене мәдениеті және спорт»
Институт	Өнер, мәдениет және спорт
Кафедра	Дене мәдениеті және спор педагогтарын даярлаудың теориясы мен әдістемесі
Оқытушының аты-жөні, дәрежесі, атағы, қызметі	Абдреимова К.А. – п.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Контакттік ақпарат (телефон, e-mail)	87078045211

### 2. Пәннің қысқаша мазмұны.

Пәннің мақсаты: студенттерге оқытудың, тәрбиелеудің және оқушыларды дамытудың маңызды амалы ретінде, педагогтің кәсіби іс - әрекетіндегі маңызды құрал ретінде сөйлей білуге тәрбиелеу.

«Педагогикалық шешендік» пәнінің негізгі міндеттері түйінді құзыреттіліктермен қатар, төмендегідей арнайы құзыреттіліктерді қалыптастыру болып табылады:

- студенттерді педагогикалық қарым-қатынас туралы, олардың түрлері, сөйлеу сапалылығы (мәселен, сөз дұрыстығы, тазалығы, дәлдігі, дәлелдігі, байлығы, логикалығы, коммуникативтік жағынан сәйкестілігі), қазіргі қазақ әдеби тілінің нормалары туралы білім көздерімен таныстыру;

- білімді және әдеби тілдің нормаларынан орынсыз ауытқуларды (әдеби тілдік норманы бұзушылық туралы) тез аңғару дағдыларын қалыптастыру; өзіндік сөйлеген сөзіне талдай жасай білу түсінігін қолдана білу;

- сөз сөйлеу сәтіндегі кемшіліктерден құтыла білуге ұмтылыс дағдысын пайымдауды қалыптастыру;

- жеке қабілеттерін, кәсіби тұрғыда аса мәнді сөз сөйлеу шығармашылығын туындатуға әзірлеуді қалыптастыру.

**Пәнді меңгеру нәтижесінде:** студенттер педагогикалық риторика ғылымының өзекті проблемалары мен зерттеу арналарынан толық мағлұмат алады. Педагогикалық риторика ғылымының теориялық және ғылыми әдістемелік бағыттарын меңгеріп, оқытудың әдіс-тәсілдері туралы мәліметтер жинақталады.

### 3. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар.

№	Пән тақырыбының атаулары	апта	Аудиториялық сабақтар		Сабақ түрі (сипаттама)		Барлығы (с.)
			Дәріс (с.)	Пр/сем./л аб./ студ (с.)	СОӨЖ	СӨЖ	
1	<b>№ 1 дәріс тақырыбы:</b> <b>Шешендіктану /риторика/ туралы түсінік</b>	1	1				1
	<b>№ 1 дәріс семинары.</b> Шешендіктанудың қоғамдағы маңызы,			1			1

	түрлері 1.1. Шешендіктанудың қоғамдағы маңызы 1.2. Шешендіктанудың түрлері туралы мағлұмат						
	<b>№ 1 дәріс. СӨӨЖ.</b> Бүгінгі білім берудің маңызы					2	2
	• Халық даналығы						
	• Қазіргі мектеп мұғалімі және шешендіктану ілімі						
	<b>№ 1 дәріске СӨЖ.</b> Шешендіктану /риторика/ саласы					2	2
	✓ Бұл ғылым ба, әлде өнер саласы ма?						
	✓ Кімдерге арналған сала?						
2	<b>№ 2 дәріс. Педагогикалық риторика пәні туралы түсінік</b> 2.1 Педагогикалық риторика пәні туралы түсінік 2.2 Педагогикалық риторика пәнінің мақсат, міндеттері	2	1				1
	<b>№ 2 дәріс семинары.</b> Қазіргі мектеп мұғалімінің шешендіктануға /риторика/ сұранысы 2.1 Педагог іс-әрекеті туралы түсінік 2.2 Мұғалім сөзі – оқыту мен тәрбиелеу құралы				1		1
	<b>№ 2 дәріске. СӨӨЖ.</b> Педагогикалық шешендіктану және сөз сөйлеу заңдылығы 2.1 Кестелі шешендіктану 2.2 Шешен – лектор профессиограммасы					2	2
	<b>№ 2 дәріске СӨЖ.</b> «Педагогикалық шешендік не үшін қажет?» тақырыбында үш минуттық сөз сөйлеу					2	2
3	<b>№ 3 дәріс. Мұғалім және аудитория ара қатынасы</b> <b>Дәріс мазмұны:</b> 3.1 Аудиториямен тіл табысу өнері туралы түсінік 3.2 «Қиын оқушымен» тіл табысу әдістері	3	1				1
	<b>№ 3 дәріс семинары.</b> Шешендіктану тарихына қысқаша шолу • Антикалық және орта ғасырлық шешендіктану • Ресей шешендіктану өнері				1		1
	<b>№ 3 дәріске СӨӨЖ.</b> Қазақтың шешендік өнері					2	2
	<b>№ 3 дәріске СӨЖ.</b> Педагог маманның сөйлеуге әзірлену кезеңдері қандай?					2	2
4	<b>№ 4 дәріс. Шешендіктану</b>						

	<b>тарихына қысқаша шолу</b> • Қазақ шешендіктану ғылымының зерттелу тарихы • Қазақ шешендіктану ғылымының өкілдері мен олардың еңбектеріне шолу	4	1				1
	<b>№ 4 дәріс семинары.</b> Педагогикалық шешендіктану мен сөйлеу мәдениетінің ара қатынасы • Тілдік қатынастың негізгі функциялары • Сөйлеу іс-әрекетінің құрылымы • Тіл, сөйлеу (сөз), тілдік қатынас			1			1
	<b>№ 4 дәріске СООЖ.</b> Сөз сөйлеудегі логика ілімінің талаптары				2		2
	<b>№ 4 дәріске СӨЖ.</b> Жоспар – сөз сөйлеудің ішкі құрылымы					2	2
	<b>№ 5 дәріс. Педагог имиджін қалыптастырудағы педагогикалық шешендіктанудың рөлі</b> • Педагог имиджін қалыптастыру мәселесі • Педагог тұлғасы туралы түсінік	5	1				1
5	<b>№ 5 дәріс семинары.</b> Қазіргі қазақ әдеби тілінің негізгі нормалары • Норма туралы түсінік • Норма түрлерінің сипаттамасы			1			1
	<b>№ 5 дәріске СООЖ.</b> Артикуляция және дикция туралы түсінік				2		2
	<b>№ 5 дәріске СӨЖ.</b> • Әдеби тіл – тілдің өмір сүруінің жоғарғы формасы					2	2
6	<b>№ 6 дәріс. Педагог шешеннің сөйлеу логикасы</b> • Педагог ойының логикалығы • Логиканың тілдік қатынасқа қатысы	6	1				1
	<b>№ 6 дәріс семинары.</b> Мұғалім сөзі туралы түсінік • Мұғалім сөзінің дұрыстығы • Мұғалім сөзінің деректігі			1			1
	<b>№ 6 дәріске СООЖ.</b> Сөйлеуге қойылатын негізгі талаптар				2		2
	<b>№ 6 дәріске СӨЖ.</b> Сөйлеу заңдылықтары					2	2
7	<b>№ 7 дәріс. Мұғалімнің сөйлеу мәдениеті</b> • Мұғалімнің сөз сөйлеу мәдениеті • Мұғалімнің сөйлеу этикасы	7	1				1
	<b>№ 7 дәріс семинары.</b> Мұғалімнің сөйлеу мәдениеті • Сөйлеу мәдениеті туралы сөздік-анықтағыштардың негізгі түрлеріне сипаттама			1			1

	<b>№ 7 дәріске СООЖ.</b> Сөйлеуге қойылатын негізгі талаптар				2		2
	<b>№ 7 дәріске СӨЖ.</b> Ауызша және жазбаша тілдің ара қатынасы туралы түсінік					2	2
8	<b>№ 8 дәріс. Студенттерді шешен сөйлеуге ойбөліс (дебат) әдісі арқылы баулу жолдары</b> 1. Пікірталас және оның түрлері 2. Дебат әдісінің ерекшелігі	8	1				1
	<b>№ 8 дәріс семинары.</b> Мұғалімнің сөйлеу техникасы • Мұғалім сөзінің бейімделгіштігі				1		1
	<b>№ 8 дәріске СООЖ.</b> Әдеби тіл және тілдік норма				2		2
	<b>№ 8 дәріске СӨЖ.</b> Тіл мәдениетінің салалары					2	2
9	<b>№ 9 дәріс. Сөйлеу және сөз қолдану мәдениеті.</b> 1. Сөйлеу техникасы 2. Шешен сөйлеуге жаттығу жолдары 3. Дикциямен жұмыс істеу.	9	1				1
	<b>№ 9 дәріс семинары.</b> Сөйлеу әрекетінің негізгі қырлары • Резонаторлар туралы түсінік • Дыбыс спектрі және дауыс тембрі • Дыбыс күші және қарқындылығы				1		1
	<b>№ 9 дәріске СООЖ.</b> Сөздікпен жұмыс істеу әдістері				2		2
	<b>№ 9 дәріске СӨЖ.</b> Сөздікпен жұмыс істеу техникасы					2	2
10	<b>№ 10 дәріс. Дауыс қойылысы және дикция</b> 1. Адам дауысы ерекшеліктері 2. Дауыстың резонаторлық функциясы	10	1				1
	<b>№ 10 дәріс семинары.</b> Дауыс қойылысының негізгі теориялық қағидалары • Кері байланыс туралы түсінік • Есту қабілетінің әр түрлілігі, дауыс қойылысын реттеу сәтіндегі жеке тұлғалық ерекшеліктерді есепке алу				1		1
	<b>№ 10 дәріске СООЖ.</b> Сөйлеу тіліндегі штамптардың зияны неде? (ойтолғам)				2		2
	<b>№ 10 дәріске СӨЖ.</b> Сөйлеу мәдениеті мен тіл тазалығы үшін күрестің аса қажеттілі туралы екі минуттық сөз сөйлеу					2	2
11	<b>№ 11 дәріс.</b> <b>Дауыстың акустикалық негіздері</b> 1. Дауыстың жоғарылығы 2. Дауыстың күші, қуаты	11	1				1
	<b>№ 11 дәріс семинары.</b> Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде				1		1

	қолданылатын сөйлеу жанрлары • Мәтін туралы түсінік • Мәтіннің басты белгілері, құрылымы						
	<b>№ 11 дәріске СӨӨЖ.</b> Психология ғылымы педагог шешен сөзінің қандай басты мәселелерін шешуге септеседі?				2		2
	<b>№11 дәріске СӨЖ.</b> Шешен мен аудитория қатынасының негізгі каналдарын атап, оларға сипаттама жасаңыз					2	2
12	<b>№ 12 дәріс. Педагог маманның ауызша сөйлеу мәдениеті</b> • Педагогтің шешен сөйлеу амалдары • Лекция. Оның түрлері	12	1				1
	<b>№ 12 дәріс семинары.</b> Педагог маманның ауызша сөйлеу мәдениеті • Баяндама. Оның түрлері • Талас, ойталқы (диспут), пікіралмасу (дискуссия), полемика			1			1
	<b>№ 12 дәріске СӨӨЖ.</b> Тілдік сөйлеу құралдары, олардың түрлері				2		2
	<b>№ 12 дәріске СӨЖ.</b> Аудиторияның сапалық белгілері					2	2
13	<b>№ 13 дәріс. Педагог маманның ауызша сөйлеу мәдениеті</b> • Таластарды ұйымдастыру және жүргізу • Ауызша және жазбаша есеп беру	13	1				1
	<b>№ 13 дәріс семинары.</b> Педагог маманның жазбаша сөйлеу мәдениеті • Конспект, жазылу ерекшелігі • Тезис, түйіндеме /резюме/, жазылу ерекшелігі			1			1
	<b>№ 13 дәріске СӨӨЖ.</b> Педагог шешеннің сыртқы қимылы /жест/ және сөйлеудің сәттілігі				2		2
	<b>№ 13 дәріске СӨЖ.</b> Педагог шешен аудиторияны қандай белгілеріне қарап жіктеп, топтау					2	2
14	<b>№ 14 дәріс. Педагог маманның жазбаша сөйлеу мәдениеті</b> • Аннотация, оның түрлері • Жаңа педагогикалық әдебиеттердің, мамандыққа сәйкесті еңбектердің аннотациясы	14	1				1
	<b>№ 14 дәріс семинары.</b> Педагог маманның жазбаша сөйлеу мәдениеті • Реферат, жазылу ерекшелігі • Пікір және рецензия /оларға тән ортақ белгілер мен айырмашылықтар/, жазылу ерекшелігі			1			1
	<b>№ 14 дәріске СӨӨЖ.</b> Педагог шешеннің психологиялық мәдениеті				2		2
	<b>№ 14 дәріске СӨЖ.</b> • «Мұхтар аға					2	2



	немесе Әуезов шешендігі» деген тақырыпта ғалым, жазушы ағамыздың өмір жолы, қалдырған мұралары, естеліктеріне сүйене отырып баяндама жасаңыз.						
15	<b>№ 15 дәріс. Педагог маманның жазбаша сөйлеу мәдениеті</b> • Биография және өмірбаян • Автобиографиялық жанр және педагогикалық тақырыптағы әдебиеттер	15	1				1
	<b>№ 15 дәріс семинары. Педагог маманның жазбаша сөйлеу мәдениеті</b> • Сынып оқушысына мінездеме, үйірмеге сипаттама, жазылу ерекшелігі • Мектеп қабырға газетінің тілдік ерекшеліктері			1			1
	<b>№ 15 дәріске СӨӨЖ.</b> «Пікірге, сөзге екпін дарыту үшін қысқалық қажет» /Гораций/, - деген түйіндерге өз сөзіңізбен сипаттама беріп көріңіз.				2		2
	<b>№ 15 дәріске СӨЖ.</b> • «Шешендік – ақылмен билеу өнері» атты бөлімдегі (Қыдыршаев.А.С. «Шешендік тағлымы» кітабы бойынша) нақылдармен жұмыс жасау					2	2
	Барлығы	15	15	15	30	30	90

#### 4. Оқу-әдістемелік жабдықтау картасы

Мамандық \_ 5B010800–Дене мәдениеті және спорт

#### «Педагогикалық шешендік» пәні бойынша

№	Дәріс нөмірі	Негізгі әдебиет (авторы, аталуы, басылым жылы, оқылатын бөлім бойынша беттері)	Қосымша әдебиет және Интернет көздері	Қажет болған жағдайдағы басқа да ресурстар (программалық камтамасыздан-дыру, презента-циялар, көрнекті құралдар және т.б.)
1.	Дәріс №1	Қыдыршаев А.С. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. /монография/ .- Алматы: Білім. 2000. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. – Орал, 2004. Негимов С. Шешендік өнер. Ана тілі, А., 1997.	Қыдыршаев А.С. Шешен – лектордың профессиограммасы // БҚМУ Хабаршысы, 2002. Адамбаев Б. Қазақтың шешендік өнері. Ғылым, А., 1984. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. Сөз мәдениеті. А., 1984.	
2.	Дәріс №2	Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері. А., 2003. Львов М.Р. Риторика. Культура речи. М., 2004. Қыдыршаев А.С. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. /монография/ .- Алматы: Білім. 2000.	Негимов С. Шешендік өнер. Ана тілі, А., 1997. Шенберг В.А, Савкова З.В. Риторика: Учебные пособи для студентов всех специальностей. 1996. Казакского – русский толковый словарь мимики и жестов в казахском языке. – А, 2003 – 136 бет.	
3.	Дәріс №3	Лемерман Х. Учебник риторики. М., 1997 Нежин Е.А. Основы советского ораторского искусства. М., 1981	Хазагерев г.Т, Лобанов И.Б. Риторика. Ростов на Дону, 2004. Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері. А., 2003.	
4.	Дәріс №4	Адамбаев Б. Қазақтың шешендік өнері. Ғылым, - А., 1984. Қыдыршаев А. С. Шешен – лектор профессиограммасы. – Орал, 2004.	Нежин Е.А. Основы советского ораторского искусства. М., 1981 Қыдыршаев А. С. Қазіргі мектеп мұғалімі және шешендіктану ілімі . – «Орал өңірі» газеті, 2006, 5 қыркүйек, 2 б.	
5.	Дәріс №5	Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. Сөз мәдениеті. А., 1984. «Шешендік өнер» курсының бағдарламасы /Құрастырушылар:	Нежин Е.А. Основы советского ораторского искусства. М., 1981 Қыдыршаев А. С. Шешендіктану. – Орал,	

		Ф.Ш.Оразбаева., А.С.Қыдыршаев/ Гуманитарлық жоғары оқу орындарына арналған. – А., «Арыс» баспасы, 2000. – 40 б.	2004. Қыдыршаев А. С. Шешендік тағылымы. – Орал -, 2005.	
6.	Дәріс №6	Қыдыршаев А. С. Қазіргі мектеп мұғалімі және шешендіктану ілімі . – «Орал өңірі» газеті, 2006, 5 қыркүйек, 2 б. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – А., 1977.	Қыдыршаев А.С. Кестелі шешендіктану. – Орал, 2007.-88б. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). Астана: Елорда, 2000- 532 –б.	
7.	Дәріс №7	Кан-Калик В.А. Учителю о педагогическом общении. – М., 1987. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – А., «Сөздік-Словарь», 2005. – 440 МакароваС.К. Техника речи. – М., 1993.	Ножин Е.А. Мастерство устного выступления. - Москва, 1989. Момынов Б. Бейсембаева С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша – орысша түсіндірме сөздігі. Казакского – русский толковый словарь мимики и жестов в казахском языке. – А, 2003 – 136 бет.	
8.	Дәріс №8	МакароваС.К. Техника речи. – М., 1993. Қайдар Ә. Т. Халық даналығы (қазақ мақал – мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). -Алматы: «Тоғанай Т» баспасы 2004 – 560 – бет	Қыдыршаев А.С., Төлегенова Д.Қ. Іскерлік шешендіктану қағидалары. Оқу құралы. Орал, 2007. – 68 б. Ахматов З. Шаңбаев Т Әдебиеттану терминдер сөздігі. А., Ана тілі, 1998	
9.	Дәріс №9	Кан-Калик В.А. Учителю о педагогическом общении. – М., 1987. КохтевН.Н., Розенталь Д.Э. Искусство публично выступления – М., 1988. Синонимдер сөздігі (Құрастырушылар Ә. Болғанбайұлы, С. Бизақов, Ш.Дәулетқұлов). А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2001 -311-бет	«Шешендік өнер» курсының бағдарламасы /Құрастырушылар: Ф.Ш.Оразбаева., А.С.Қыдыршаев/ Гуманитарлық жоғары оқу орындарына арналған. – А., «Арыс» баспасы, 2000. – 40 б.	
10.	Дәріс №10	Момынов Б. Бейсембаева С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша – орысша түсіндірме сөздігі. Казакского – русский толковый словарь мимики и	Қыдыршаев А.С. Кестелі шешендіктану. – Орал, 2007.-88б. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз	

		жестов в казахском языке. – А, 2003 – 136 бет.	сазы). Астана: Елорда, 2000- 532б. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – А., 1977.	
11.	Дәріс №11	Қыдыршаев А. С. Шешендіктану. – Орал, 2004. Қыдыршаев А. С. Шешен – лектор профессиограм-масы. – Орал, 2004. Қыдыршаев А. С. Қазіргі мектеп мұғалімі және шешендіктану ілімі. – «Орал өңірі» газеті, 2006,	Синонимдер сөздігі (Құрастырушылар Ә. Болғанбайұлы, С. Бизақов, Ш.Дәулетқұлов). А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2001 -311-бет Ахматов З. Шаңбаев Т Әдебиеттану терминдер сөздігі. -А., Ана тілі, 1998	• •
12.	Дәріс №12	Қыдыршаев А.С. Кестелі шешендіктану. – Орал, 2007.-88б. Синонимдер сөздігі (Құрастырушылар Ә. Болғанбайұлы, С. Бизақов, Ш.Дәулетқұлов). А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2001 -311-бет	Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – А., «Сөздік-Словарь», 2005. – 440 б. Момынов Б. Бейсембаева С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша – орысша түсіндірме сөздігі. Казакского–русский толковый словарь мимики и жестов в казахском языке. – А, 2003 – 136 бет.	
13.	Дәріс №13	Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. Сөз мәдениеті. А., 1984. «Шешендік өнер» курсының бағдарламасы /Құрастырушылар: Ф.Ш.Оразбаева., А.С.Қыдыршаев/ Гуманитарлық жоғары оқу орындарына арналған. – А., «Арыс» баспасы, 2000. – 40 б.	Культура парламентской речи. – М., 1994. Леммерман Х. Учебник риторики. – М., 1997. Леонтьев А.А. Педагогическое общение. – М., 1996 Ножин Е.А. Мастерство устного выступления. – М., 1989.	
14.	Дәріс №14	Қыдыршаев А. С. Қазіргі мектеп мұғалімі және шешендіктану ілімі. – «Орал өңірі» газеті, 2006, 5 қыркүйек, 2 б. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – А., 1977. Адамбаев Б. Қазақтың шешендік өнері. Ғылым, - А., 1984.	Қайдар Ә. Т. Халық даналығы (қазақ мақал – мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). Алматы: «Тоғанай Т» баспасы 2004 – 560 – бет Момынов Б. Бейсембаева С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша – орысша түсіндірме сөздігі. Казакского–	

		Қыдыршаев А. С. Шешен – лектор профессиограммасы. – Орал, 2004.	русский толковый словарь мимики и жестов в казахском языке. – А, 2003 – 136 бет.	
15.	Дәріс №15	Қыдыршаев А.С. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. /монография/ .- Алматы: Білім. 2000. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. – Орал, 2004. Негимов С. Шешендік өнер. Ана тілі, А., 1997. Адамбаев Б. Қазақтың шешендік өнері. Ғылым, - А., 1984. Қыдыршаев А. С. Шешен – лектор профессиограммасы. – Орал, 2004.	Қыдыршаев А.С. Шешен – лектордың профессиограммасы // БҚМУ Хабаршысы, 2002. Адамбаев Б. Қазақтың шешендік өнері. Ғылым, А., 1984. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. Сөз мәдениеті. А., 1984.	

Оқытушы \_\_\_\_\_ қолы

## 5. Бағалау критерийі

Аттестация түрі	Бақылау түрі	Жалпы бағадан үлес, макс. в %
Аралық бақылау №1	Сабаққа қатысым	5
	Ағымдық бақылау (прак. сем., лаб. и студ. сабақтар)	50
	Өздік жұмысты бақылау (СОӨЖ; СӨЖ)	30
	Аралық бақылау (колоквиум, бақылау жұмысы, презентация и т .б.)	15
Аралық бақылау №2	Сабаққа қатысым	5
	Ағымдық бақылау (прак. сем., лаб. и студ. сабақтар)	50
	Өздік жұмысты бақылау (СОӨЖ; СӨЖ)	30
	Аралық бақылау (колоквиум, бақылау жұмысы, презентация и т .б.)	15
Қорытынды бақылау	Емтихан	100

## Аралық бақылауды өткізу туралы ұсыныс

Аралық бақылауды өткізген кезде төмендегідей Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативті құжаттарын пайдалану ұсынылады:

- *Жоғары оқу орындарындағы білім алушыларға ағымдық, аралық бақылауды және қортынды аттестацияны жүргізудің Типтік ережелері (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министр 1 қараша 2010 жылғы № 506 бұйрығы (бұдан әрі – Ереже));*
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты 5.03.006-2006 «Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі. Жоғары оқу орындарындағы білімді бақылау және бағалау. Негізгі ережелер». (бұдан әрі – ҚР МЖМБС 5.03.006-2006 ).

Рейтингтік жүйе студенттің барлық оқу түрі бойынша (дәріске қатысу, практикалық, зерханалық сабақтар, бақылау жұмыстарын орындау т.б.) «жинақтаған» баллдары есептеу негізделген.

Білім алушылардың ағымдық бақылауы – бұл оқытушының академиялық кезең бойынша сабақ кестесіне сәйкес дәрісханалық және дәрісхандан тыс сабақтарда студенттердің білімін жүйелі тексеруі. (Ереже, т.5)

Ағымдық бақылау бағасы (жіберілу рейтингісін бағалау) дәрісханалық сабақтарда және ағымдық бағалаудан (дәрісханадан тыс сабақтар) сабақтар негізінде жинақталады. (Ереже, т.6)

Ағымдық бақылау бір пән бойынша академиялық кезең аясында екі реттен кем емес (Ереже, т.11.)

Студенттердің қатысым және үлгерім журналын сабақты жүргізуші оқытушы толтырады.

Пәннің оқу бағдарламасы арқылы білім алушылар үлгерімінің ағымдық бақылауы жүргізіледі: ауызша сұрау, жазбаша бақылау, аралас бақылау, үй тапсырмасы презентациясы, дискуссия, тренингтер, дөгелек үстел, кейс- стадия, тесттер және т.б. (ҚР МЖМБС 5.03.006-2006, т.5.4).

Оқу жоспарында қарастырылған курстық, есептік-графикалық және басқа да жұмыстар емтихан сессиясы басталғанға дейін қорғалуы қажет және пән бойынша емтиханға жіберудің негізін құрайды. Осы жұмыстар бойынша бағалар рейтингті есептеуде есепке алынуы керек. (ҚР МЖМБС 5.03.006-2006, т.5.5.).

Ағымдық бақылау кезінде студенттердің білім жетістіктерін бақылау 100-балдық шкала бойынша әрбір орындалған тапсырмаға (ағымдық сабақтардағы жауабы, үй тапсырмасын орындау, өзіндік жұмыс қойылады, (аралық бақылау) және ағымдық бақылаудың соңғы нәтижесі академиялық кезең бойында алынған барлық бағалардың орта есебін шығару арқылы жүзеге асады. (Ереже, т.7).

Жоғарыдағыларды есепке ала отырып, қатысым және үлгерім журналына барлық ағымдық бақылау бойынша бағалар қойылады:

- 0-егер тапсырма тапсырылмаса:
- 49 (F)- егер тапсырма «қанағаттанарлықсыз» орындалса:
- 50 ден 100 дейін (D-дан А ға дейін ) - ауызша\жазбаша жауаптар\тапсырмалар толық және дәл орындалуына байланысты қойылады.

Семестр бойынша пән Силлабусында үй тапсырмасын орындау, СӨЖ уақыты және оны тексеру, Журналға баға қою қарастырылу керек.

Ағымдық бақылауда бақылау жұмысы, тест т.б. оқудан тыс уақытта болатын тапсырмалар 15%. Көп болмауы қажет

Сонымен, студент сабаққа қатысып пән бойынша тапсырмаларды орындап, бірақ, сабаққа қатыспаса 1-ден 8-аптаға дейін ( 9 дан15-апта дейін), ағымдық кезеңдегі бағасы 0 ге тең бола алмайды. Бұл жағдайда үлгерімнің ағымдық бақылауының нәтижесі аралық бақылау бағасындағы ағымдық бағаны алып тастаумен есептеледі.

Қатысым және үлгерім журналындағы ағымдық бақылау нәтижелері 8-інші және 15-інші аптада жеке графада оқу кезеңіне сәйкес алынған барлық бағалардың орта арифметикалық бағасы ретінде қойылады, соның ішінде, графикалық, курстық жұмыстарды қорғауды есептегенде.

Студенттің сабаққа 100% қатысымы оқытушының қалауы бойынша қосымша бонустарды бағаға қосуға мүмкіндік береді. Мұндай жағдайда журналға қосымша жеке графа берілуі қажет. Сонымен қатар, оқытушы студентке семинар, зертханалық сабақтардағы белсенділігі үшін қосымша бонус бере алады. Ағымдық бақылаудың соңғы нәтижелері АБ-1/АБ-2 графаларына қойылатындықтан қосымша бонустар/балдар арқылы жоғарлауы мүмкін.

Қатысым және үлгерім журналында аралық бақылауға жіберілу (емтихан) бағасы жеке графада (АБ-1/АБ-2 орта балы) екі аралық бақылаудың орта арифметикалық бағасы ретінде 50 % кем емес қойылады.

Сонымен сырттай оқу бөлімі студенттердің үлгерімін ағымдық бақылау оқу емтихан сессиясы кезеңінде де, оның басында да жүзеге асады. Сырттай бөлімде оқитын студент оқу емтиханы басталғанға дейін барлық бақылау және есептік графикалық жұмыстар, курстық жұмыстарды, сонымен қатар, үй тапсырмаларының түрлерін, СӨЖ, аралық бақылауды пән бағдарламасына сәйкес (Ереже, т. 9). тапсырады.

## ДӘРІС ТЕЗИСТЕРІ

№ апта	Дәріс тақырыбы және тезистер	Сағат саны
№ 1 дәріс	<p><b>Шешендіктану /риторика/ туралы түсінік</b>  <b>Қарастырылатын сұрақтар (дәріс жоспары):</b>  <b>Дәрістің мақсаты:</b> студенттерге педагогикалық риторика пәні бойынша жан-жақты мағлұмат бере отырып, олардың шешендік шеберліктерін жетілдіру аспектілерінің әдістемелік жағын қарастыру, шешен сөйлеуге баулу</p> <p><b>Дәріс мазмұны:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Шешендіктанудың теориялық негіздері</li> <li>• Шешендіктанудың әдістемелік негіздері</li> </ul> <p>Шешен діктанудың ғылым және оқу пәні ретінде дамуы мыңдаған жылдарды қамтиды. Әрбір кезеңге сәйкесті оның мазмұны да әрқилы. Ол әдебиеттің ерекше жанры есебінде де, сөйлеу шеберлігінің белгілі бір түрі (жазбаша және ауызша) есебінде де, ауызша сөйлеу ғылымы әрі өнері ретінде де қарастырылды. Қазіргі таңдағы зерттеу еңбектерінде шешендіктану кешенді пән ретінде қарастырылып, құрамына тілдік қарым-қатынастың ( тілдік коммуникация) логикалық, лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, көркем әдеби және тағы басқа аспектілерін қамтиды. Бұл ғылым саласының “шешендік өнер”, “шешендік”, “шаршы топ алдында ауызша сөйлеу шеберлігі”, “элоквенция” сияқты өзге де атаулары бар.</p> <p><b>Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша сұрақтар және тест тапсырмалары</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. дәрістің өз мақсатына жетуі</li> <li>2. негізгі тұжырымдар</li> <li>3. мәселенің теориялық маңызы</li> <li>4. мәселенің практикалық маңызы</li> </ol> <p><b>Тест сұрақтары</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сөз сөйлеу стилінің сендіргіш сапасы, идеялардың көркем бояуы, ерекше елеңдетер эмоциональды толғаным пен эстетикалық ләззат атмосферасын туындата келе, тыңдаушылар назарын аударту құралы. <ol style="list-style-type: none"> <li>а) мәнерлілік</li> <li>ә) айғақтама нұсқалары</li> <li>б) сендіру амалдары</li> <li>в) эмоциональды фон</li> </ol> </li> <li>2.” Өлім-асусыз тау,-кімнің бауыры сау? Пұлсыз берді, құнсыз алды,-оған не дау ?Бізге аяулы,алушыға да қалаулы”. Ұсынылған шешендік сөздегі стилистикалық фигураны ата? <ol style="list-style-type: none"> <li>а) риторикалық сұрау</li> <li>ә) градация</li> <li>б) қайталау</li> <li>в) антитеза</li> </ol> </li> <li>3. «Шешендік-кісінің көркі” . Кімнің сөзі? <ol style="list-style-type: none"> <li>а) Гораций</li> <li>ә) Плутарх</li> <li>б)Коракс</li> <li>в)Горгий</li> </ol> </li> </ol>	
№ 2 дәріс	<p><b>Педагогикалық риторика пәні туралы түсінік</b>  <b>Қарастырылатын сұрақтар (дәріс жоспары):</b>  <b>Дәрістің мақсаты:</b> студенттерге педагогикалық риторика пәні бойынша жан-жақты мағлұмат бере отырып, олардың шешендік шеберліктерін жетілдіру аспектілерінің әдістемелік жағын қарастыру, шешен сөйлеуге баулу</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Педагогикалық риториканың заманауи қажеттілігі</li> <li>• Пәннің мақсат-міндеттері</li> </ul>	



**Дәріс мазмұны:**

*Біріншіден*, шешендіктану ілімі мұғалімге өз сөзін дәл де нақты, логикалық тұрғыда иланымды ұйымдастыра айтуға мүмкіндік береді. Ал оқушылар тарапынан пікірлестер табуға, сабақтарды шығармашылық тұрғыда үйлестіре, дәстүрлі сабақтардағыдай емес, қызғылықты да тартымды өткізуге, ұсынылар ақпараттарды бұрынғыдан бірнеше есе мол беруге септеседі.

*Екіншіден*, шешендіктану мұғалімге өзара пікірлесу, сөйлесу мүмкін еместей көрінетін ең ауыр сыныптармен қарым-қатынас жасауға, сондай-ақ мұғалім не оқушы тарапынан өзара тіл табысуға еш құлқы, ұмтылысы, мүмкіндігі жоқтай, тіпті қабілет – қарымы таяздау көрінетін алынбас қамал іспетті орталарда монологтық сөз сөйлеуге мүмкіндік туғызады.

*Үшіншіден*, кез келген педагогикалық тұрғыда әсер етудің сәттілігі мұғалімнің сөз сөйлеу үстінде өзін-өзі танытуы арқылы көрінбек. Мұғалім сөйлеген сөзі арқылы оқытады, тәрбиелейді, өзіндік көзқарасына иландыра жұмылдырады, пікір алмасады, оқушылардың санасында мейлінше тереңірек сыналап ене түсер әсері жоғары образдарды тудырады. Бұл ретте *шешендіктану* - көркемдік тұрғыда әсер ету амалдарының жүйесіне орай айтсақ, жоғары эстетикалық тұрғыда әсер ету арқылы ауызша сөйлеу туралы ғылым. Егер де мұғалім өз ойын жай айтып қана қоя салуға ұмтылмай, пікірлесуші оқушысына белгілі бір межелі әсерді (реакция) дарыту, алғы ортақ іске жұмылдыруға ұмтылдыру бағытын ұстанатын болса, онда мұғалімнің алғашқы сөзінен бастап осындай ұшқынды көруге тиіспіз. Яғни осы іспетті межеленген алғы мақсатқа нақты қол жеткізу үшін, сөйленер сөзді тура мағынасында жоспарлы түрде алдын – ала даярлау керек. Тап осы тұста шешендіктану қағидалары көмекке келіп, сөйленер сөзді лайықты тұрғыда әзірлеуге септеседі.

Демек, мұғалім болу - өнер. Бұл орайда оқушыға түсінікті болу үшін қабылдау психологиясын білу маңызды. Тіпті, қабылдау жөніндегі ғылымды – герменевтиканы шешендіктанудың бір қыры десек те болғандай. Себебі қабылдау адам санасының тұңғығында өріліп отыратын, бақылау сәтінде есепке алуға қиынырақ соғатын жеке тұлғалық даму үдерісіне тән ерекше өнер де. Бұл үдеріс жеке индивидтің мәдени даярлығы мен өмірлік тәжірибесіне, сондай-ақ оның көңіл-күйі мен психологиялық қалпына байланысты. Ал оқытудың, мұғалім мен оқушының диалогын ұйымдастыруды өнер, шығармашылық іс тұрғысында түйіндесек, мұндай іс - әрекет ойсыз болмақ емес. Ойлау жоқ жерде нағыз шығармашылық та жоқ.

**Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар**

1. Айтылған сөзге сәйкесті жоспарлы нақты істі қалай туындатуға болады?
2. Мұғалімнің үнемі ойлағанындай болуы үшін не істеуіміз керек?

**Тест сұрақтары**

1. "Естілердің сөзін ескеріп жүрген адамның өзі де есті болады". Кім айтқан?
  - а) Абай
  - ә) Төле би
  - б) Шәкәрім
  - в) Әл-Фараби
2. Адам өмірінің әрқилы ішкі үдерістерін бейнелеудің озық тәсілі, өзгелерді өз еркіне бағындырудың аса күшті қаруы, жанды қарым-қатынастың амалы ретіндегі сөз сөйлеу құдіретіне ие болғызатын шын мәнінде адамның құдіреттілігін танытатын көп қырлы ілім.
  - а) шешендіктану
  - ә) логика
  - б) философия
  - в) этика
3. "Шешен сөз мақсаты-негізгі пікірді баяндап, түрлі дәлелдермен сипаттап түсіндірумен қоймай, пікірге нандыру, сендіру, ұйыту, балқыту, иман келтіру",-

	деген түйіннің авторы. а) А.Байтұрсынұлы ә) Р.Сыздықова б) С.Негимов в) А.Қыдыршаев	
№ 3 дәріс	<p><b>Мұғалім және аудитория арақатынасы</b>  <b>Қарастырылатын сұрақтар (дәріс жоспары):</b>  <b>Дәрістің мақсаты:</b> студенттерге педагогикалық риторика пәні бойынша жан-жақты мағлұмат бере отырып, олардың шешендік шеберліктерін жетілдіру аспектілерінің әдістемелік жағын қарастыру, шешен сөйлеуге баулу</p> <p><b>Дәріс мазмұны:</b>  Мұғалім мен аудиторияның арақатынасының әдістемелік қырлары  Сөйленер сөздің тақырыбы анықталып, тезистік жобасы жүйеленген, дәлелдер жүйесі іріктеліп ойластырылған, сөйлейтін сөз композициялық құрылымы жағынан жинақталып, алдынала редакцияланған делік. Демек, сөйлеу алды коммуникативтікке дейінгі әзірлік сатысындағы жұмыстар аяқталды деген сөз. Енді біразырақ әзірліктен кейін сөз сөйлеу кезеңі басталады. Бұл кезеңде шешенге психология, этика, педагогика ғылым салары көмекке келеді. Шаршы топ алдында сөйлеудің қай-қайсы да шешеннің тыңдаушы психикасына сөз арқылы мақсатты әсер етуі. Осы орайда пайда болатын және олардың шешімін табуда психология ілімі септесетін мәселелер шеңбері мыналар: тыңдаушылардың назарын аудару білу және оны ұйымдастыру; шешен мен аудиторияның аралық байланысы қалай қалыптастырылады; ақпаратты екшеу, менгеру және ұсыну үдересі қалай бағытталады; бұл үдерісті басқаруға бола ма; әр түрлі аудиторияның әлеуметтік – психологиялық ерекшеліктері неден құралады және оларды қалай сауатты ескеруге болады т.б</p> <p><b>Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар</b></p> <p><input type="checkbox"/> дәрістің өз мақсатына жетуі  <input type="checkbox"/> негізгі тұжырымдар  <input type="checkbox"/> мәселенің теориялық маңызы  <input type="checkbox"/> мәселенің практикалық маңызы</p> <p><b>Тест сұрақтары</b></p> <p>1. <u>Саясат сөзі, саяси баяндама, үгіт-насихат сөзі, саяси шолу, митингілік сөз</u> шешендік сөздердің жанрлық-тақырыптық жіктелісінің қай түріне жатады?  а) әлеуметтік-саяси  ә) академиялық  б) әлеуметтік-тұрмыстық  в) іскерлік</p> <p>2. ”Егер де диалектика тек шынайы білімге негізделген қисынды дәлелдер арқылы тұжырымдалатын ой қорыту тәсілі болса, риторика шешендік қисынға, ой-пікір жүйелігіне, ұғымдар үйлесіміне негізделеді”. Тұжырым иесі?  а)Әл-Фараби  ә) А.Байтұрсынұлы  б) Аристотель  в) М.Т.Цицерон</p> <p>3. Тақырып таңдау; мақсатты анықтау; шешендік сөз түрін белгілеу; материалды іріктеу; екшеу; сөйлеуді логикалық тұрғыдан жүйелеу; деректі дәлелдеме, анықтама, тілмен, стильмен жұмыс. Осы айтылғандар шаршы топ алдында сөйлеуге әзірлену мен оны жүзеге асырудың қай кезеңіне жатады?  а)коммуникативті сатыға дейін  ә) коммуникативті саты  б) коммуникативті сатыдан кейін  в) сөйлеу үстіндегі кезең</p>	
№ 4	<b>Шешендіктану тарихына қысқаша шолу</b>	

дәріс	<p><b>Қарастырылатын сұрақтар (дәріс жоспары):</b></p> <p><b>Дәрістің мақсаты:</b> студенттерге педагогикалық риторика пәні бойынша жан-жақты мағлұмат бере отырып, олардың шешендік шеберліктерін жетілдіру аспектілерінің әдістемелік жағын қарастыру, шешен сөйлеуге баулу</p> <p><b>Дәріс мазмұны:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақ шешендіктану ғылымы</li> <li>2. Қазақ шешендіктануының өзіндік ерекшелігі</li> </ol> <p>Бүгінгі дидактикалық шешендіктану риторикалық ойлау кезеңімен бір тұтастықта пайда болған. Сократ, Платон, Аристотельдердің өздері оқыту үдерісін диалог тұрғысында, тіпті жиірек талас тұрғысында жүргізген. Онда өзара пікіралмасу үдерісі риторикалық іс-әрекет күйінде ұйымдастырылған. Бұнда әрбір реплика ойлау үдерісінің бірден-бір белгісін қамтыды, сондай-ақ бұл бір мезгілде әрбір дидарласушының нақтылы өзіндік көзқарасының танылуына бағытталады. Орта ғасырлық академиялық шешендік - шешендіктанудың осы кезеңдегі маңызды аспектісі. Ал риториканың өзі сол кезеңдегі барлық университеттерде оқылатын бірден-бір ғылыми пән болды. Оның басты өзегі – адамның өзін сөзі арқылы танытуы. Сәйкесінше орта ғасырлық ғалымдар да адамның осы тұрғыда өзіндік дамуының қалыптасуына, өзін-өзі танытуға баулыды.</p> <p>Зерттеушілерге сүйенсек, антикалық дәуірде-ақ риториканың өзі бірегей «философия» ретінде танылды, ал орта ғасырлық дәуірде бұл зат атаулының мәні ғана емес, сөз мәнін ұғушы адамның қоршаған әлемді бейнелеуі болып танылады. <i>«Сөз мағынасының тұңғиығына терең бойлай білгейсіз, сонда сіз мына жарық дүниені адасудан жартылай құтқарасыз»</i>, - деп сипаттайды Р. Декарт. Демек, дидактикалық шешендіктанудың дамуының әр түрлі кезеңдерінде сөз мағынасын анықтауға және оның ойды білдіруге әрі жүзеге асыруға ешбір кедергі болмауы, қайта, керісінше, оның дәл жеткізілуіне, ұсынылуына бірден-бір себепкер болуына баса мән беріледі. Сөз – қоршаған әлемге қаратылған терезе, қоршаған ортаға бізді танытушы. Бірақ бұл терезенің бізге таныс әрі жақын не бейтаныс та сырт кеңістікті бөле-жара танытуға жасар қызметін ескермей жатамыз. Демек, шешендіктану – оқушылармен арадағы өзара түсіністіктің жоқтығына жиірек өкініш білдіретін мұғалімдерге бірден-бір аса қажетті өз ойын мейлінше түсінікті білдіру мен оны мейлінше дәл түсіну мүмкіндігі. Ал мұның себеп- салдары қос коммуникантқа да, олардың қолданар сөздеріне де, дәлірек айтсақ, сөздердің орналасу ретінде, әрқайсысының қилы сөздеріне байланысты қалыптасқан ассоциациясының жекелік жүйесіне де тірелуі мүмкін. Мәселен, бізге мәлімі жекелеген сөз атаулының адам көңіл-күйіне, қалпына белгілі бір деңгейде әсер ететіндігі. Ал қазіргі мектеп мұғалімі үшін мұның мәні әлдеқайда тереңірек, себебі ол әрдайым оқушымен өзара түсінісуге, жағдаятты тиімді қабылдауға ұмтылары даусыз. Сондай-ақ, тілдік қарым-қатынасқа қатысушыларды айырып көрсетерліктей, сөз айқындылығы, мағыналық анықтығы мезетте-ақ құбылып отыруы әбден заңды. Олар бір қарағанда бір-біріне түсінікті де қарапайым көрінетін ортақ мәселе туралы айтып отырғанмен, олардың әрқайсысы «өзіндік тілмен» көрініс бермек.</p> <p>Қысқасы, мұғалім сөзі – оқыту мен тәрбиелеу құралы. Демек, мұғалімге сөз ойын сапырылыстырып айту үшін емес, шәкіртінің ойына қозғау салу үшін беріледі. Ал педагогикалық әңгіме өткізуге төселу үшін тіпті дарынды адамның өзіне де көп көмек керек.</p> <p><b>Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар</b></p> <p><b>Тест сұрақтары</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Грамматикасыз оратория-солғын, поэзия тілі-мүкіс, философия-үстірт, тарих-ұнамсыз, юриспруденция-күмәнді». Кімнің тұжырымы?       <ol style="list-style-type: none"> <li>а) М.В.Ломоносов</li> <li>ә) М.М.Сперанский</li> <li>б) Н.Ф.Кошанский</li> </ol> </li> </ol>
-------	---

	<p>в) А.Ф.Кони</p> <p>2. <u>Лекция</u> (эпизодтық, циклді), <u>ғылыми конференциялардағы, симпозиумдағы баяндама, ғылыми хабарлама</u> шешендік сөздердің жанрлық- тақырыптық жіктелімінің қай түрі?</p> <p>а) академиялық шешендік  э) дипломатиялық шешендік  б) іскери шешендік  в) әлеуметтік-саяси шешендік</p> <p>3. «Шешен саптағы қарулы жауынгердей сақадай сай, мәнді де ұлы істерді үздік орындауға және әрқашан да жеңіске ұмтылуға тиіс». Кімнің түйіні?</p> <p>а) Марк Фабий Квинтилиан  э) Марк Тулий Цицерон  б) Аристотель  в) Платон</p>	
<p>№ 5 дәріс</p>	<p><b>Тақырыбы: Педагог имиджін қалыптастырудағы педагогикалық шешендіктанудың рөлі</b></p> <p><b>Қарастырылатын сұрақтар (дәріс жоспары):</b></p> <p><b>Дәрістің мақсаты:</b> студенттерге педагогикалық риторика пәні бойынша жан-жақты мағлұмат бере отырып, олардың шешендік шеберліктерін жетілдіру аспектілерінің әдістемелік жағын қарастыру, шешен сөйлеуге баулу</p> <p><b>Дәріс мазмұны:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Педагог имиджін қалыптастыру мәселесі</li> <li>• Педагог тұлғасы туралы түсінік</li> </ul> <p>Бүгінгі таңда заман талабына сай қоғамның әр түрлі экономика, мәдениет, білім, т.б. салаларында даму да қарқынды жүруде. Осыған орай қазіргі педагог имиджіне қойылар талап та күн сайын арту үстінде. Сондықтан да қазіргі уақытта оқу үрдісінде мұғалім үшін әр түрлі педагогикалық қиыншылықтарды жеңу былай тұрсын, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасты (коммуникация) орнатудың өзі де үлкен мехнат.</p> <p>Енді біз «педагог имиджі» деген терминге қысқаша түсінік беріп өтсек. Жалпы «имидж» терминін ең алғаш американдық экономист Болдуинг ХХ ғасырдың 60 жылдарында енгізген болатын. Содан бері «имидж» алғаш рет басқа салада қолданыла бастады. «Имидж» кескін, бейне, келбет» деген мағынаны білдіреді. «Имидж» терминіне көптеген еңбектерде алуан түрлі анықтамалар беріледі. Солардың ішінде бүгінгі тақырыбымызға орайласатын мынандай анықтамаларды көреміз.</p> <p>Имидж - өзіндік қасиеттері, қарым-қатынас іс-әрекеті үйлесімді тұлға бейнесі.</p> <p>Имидж – ұстазды тәрбиеленушілердің, ұжым мүшелерінің іс-әрекетіне, адамгершілік қасиетіне қарай бағалауы.</p> <p>Осы тектес анықтамаларды саралай келе, біз «педагогикалық имиджелогия - өз шеңберінде гуманизмнің психология, педагогика, риторика сияқты ғылым салаларымен, оның ережелерімен сабақтасатын, адамға әсер етудің технологиясын зерттейтін ғылым» екенін көреміз. Сондықтан да имиджнология - тек саясат, экономикада ғана емес, педагогикаға да қажетті термин.</p> <p>Бүгінгі педагог тұлғасы оның әдептілігіне, сыпайылығына, жүріс-тұрысына, өзінің мінез-құлқын басқаруына байланысты. Себебі педагог-мұғалім қауымы әркезде де оқушылардың алдында болатыны белгілі. Сондықтан да оқушының тұлғасын барлық педагогикалық және психологиялық заңдылықтарға сәйкес қалыптастыруда педагог қауымының сіңіреп еңбегі зор.</p> <p>Біздің сараптауымызша, имидж қалыптастыру - әдемі салынған суретті өзгерту емес, оны түрлі-түсті бояумен өңдеп, жарқын да анық етіп көрсету деп әдіскер-ғалымдарымыз айтқандай, мұғалім имиджін қалыптастыруға қатысты, оның тұлғалық қасиетін толық көрсету үшін төмендегідей қасиеттерді өзіне берік ұстау керек деп есептейміз.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• педагогтің сыртқы бейнесі (киім киісі, жүріс-тұрысы, т.б.);</li> </ul>	

	<ul style="list-style-type: none"> <li>• педагогтің теориялық білімі, оның практикамен (тәжірибемен) сабақтастығы;</li> <li>• педагог мінез-құлқы;</li> <li>• педагог сөзі (сөйлеу шеберлігі, сөз сазы, дауыс қойылысы, сөз мәнерлілігі, т.б.).</li> </ul> <p>Біз осы төртінші қасиет-дағдыны өзімізше толықтырғымыз келеді. Яғни тек «педагог сөзі» дегеннен гөрі «педагогтің шешендік шеберлігі» деп айтқанды жөн санаймыз. Шынында да педагогикалық шешендіктану ғылымы өркендеп қанат жаюда. Бүгінгі заман талабына сай мектеп мұғалімдерінің педагогикалық шешендіктану іліміне сусап отырған жайы бар, күн санап қызығушылықтары мен ынтазарлықтары да арта түсуде.</p> <p><b>Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар</b></p> <p><b>Тест сұрақтары</b></p> <p>1. Аудиторияның сапалық белгілері</p> <p>а) тыңдауға жасалған жағдай; әсер етудің субъектісі; тыңдау барысы</p> <p>ә) интеллектуальды-танымдық; эмоциональды-эстетикалық</p> <p>б) моральдық-тәрбиелік; келісімпаз</p> <p>в) конструктивті; конфликтілі</p> <p>2. «Шешенде диалектиктің тапқырлығы, философтың ойы, ақынның тілі, заңгердің еске сақтау қабілеті, трагиктің дауысы болуы тиіс”. Түйін сөз кімдікі?</p> <p>а) Цицерон</p> <p>ә) Демосфен</p> <p>б) Сократ</p> <p>в) Сенеке</p> <p>3. Аудиторияны бағалау өлшемдерін көрсетіңіз.</p> <p>а) әлеуметтік-демографиялық құрамы; сөз сөйлеу тақырыбына қатысы</p> <p>ә) түсіну деңгейі; әсер етудің субъектісі</p> <p>б) тыңдау барысы; шешенге көзқарас</p> <p>в) тыңдау уәжі; тыңдауға жасалған жағдай.</p>	
№ 6 дәріс	<p><b>Тақырыбы: Педагог шешеннің сөйлеу логикасы</b></p> <p><b>Қарастырылатын сұрақтар (дәріс жоспары):</b></p> <p><b>Дәрістің мақсаты:</b> студенттерге педагогикалық риторика пәні бойынша жан-жақты мағлұмат бере отырып, олардың шешендік шеберліктерін жетілдіру аспектілерінің әдістемелік жағын қарастыру, шешен сөйлеуге баулу</p> <p><b>Дәріс мазмұны:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Педагог ойының логикалығы</li> <li>• Логиканың тілдік қатынасқа қатысы</li> </ul> <p>Шешендіктану – тілдік қатынастың қилы аспектілерін қамтитын кешенді пән. Шешендік өнерді игеру барысында шешен сөйлеудің логикалық аспектілері өз алдына бір бөлек мәселе. Жалпы шаршы топ алдында ауызша сөйлеу өзіндік эмоциональдығымен, көркемділігімен қызықтырады даусыз. Солай десек те, сөзді логикалық тұрғыда ұйымдастыруға арқа сүйенілмесе, ойлаған мақсатқа сай келмесі де ақиқат. Сөйленген сөзде логиканың болмауын психологиялық амалдармен де алмастыру мүмкін емес. Кез келген сөйленген сөздің тиімділігі, жандылығы алғашқы кезекте оның мазмұндылығымен анықталары сөзсіз. • Мұғалім сөзінің тазалығы</p> <p><b>Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар</b></p> <p><b>Тест сұрақтары</b></p> <p>1. М.В.Ломоносовтың ”Шешендікке қысқаша басшылық” атты оқулығының жарық көрген мерзімі.</p> <p>а) 1748 жыл</p> <p>ә) 1751 жыл</p> <p>б) 1721 жыл</p>	

	<p>в) 1766 жыл  2. Көп сөйлеме, азбен келтір иінін,  Бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін. Кімге тиесілі сөз?  а) Юсуф Баласағұни  ә) Ахмед Иүгінеки  б) Ахмед Иассауи  в) Махмуд Қашқари  3. Тыңдаушы типтері қайсысы?  а) конструктивті; конфликтілі; келісімпаз  ә) интеллектуальды-танымдық; моральдық-тәрбиелік  б) өзін-өзі ұстауы мен психикалық жағдайы; бірыңғайлық дәрежесі  в) түсіну деңгейі; әсер етудің субъектісі</p>	
<p>№ 7  дәріс</p>	<p><b>Тақырыбы: Мұғалімнің сөйлеу мәдениеті</b>  <b>Қарастырылатын сұрақтар (дәріс жоспары):</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мұғалімнің сөз сөйлеу мәдениеті</li> <li>• Мұғалімнің сөйлеу этикасы</li> </ul> <p>Мәдениеттің өзі екіге бөлінеді: материалдық және рухани. Соның ішінде рухани мәдениетке жатады:</p> <p>а) ойлай білу мәдениеті – өмірге талдау жасап қиындықтардан арылу жолын таба білу, ақылға салу, жасампаздыққа жеткізу;</p> <p>ә) педагогикалық мәдениет – ұзақ жылдар бойына жинақталған ең озық іс-әрекет, білім, үйрену нәтижесі;</p> <p>б) тіл мәдениеті – коммуникативтік қарым-қатынас кезінде тілдік тәсілдерді дұрыс ұйымдастырып, белгілі бір тәртіппен жүйелі қолдану;</p> <p>в) сөйлеу мәдениеті – тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі.</p> <p>Сөйлеу мәдениеті - үлкен қасиет, мазмұны жағынан терең, ұтымды, әділетті, көркем, ғылыми, бай, халық тілі. Сөз қолдану мәдениетін арттыратын негізгі шаралардың бірі – тіл тазалығы. Сөйлеу мәдениеті жетілмейінше, ақыл-ой мәдениетіне жету қиын.</p> <p>Сөйлеу – ұстаздың тіл амалдарын пайдалануарқылы пікірін, ойын білдіруі. Мұғалімнің сөйлеу мәдениетінде ойдың дәлділігі, тазалығы, көңіл күйге әсер ететін шынайылығы маңызды. Сондықтан мұғалімнің сөзі айқын анықтылығымен, ақылға қонымды, дәйекті дәлділігімен, тыңдаушыларды баурап алып кететіндігімен үлгі болуы тиіс. Ұстаз сөзі оқушыларға өтімді болып, жақсы әсер беру үшін дауыс ырғағының, сөйлеу сазының зор мәні бар. Халқымыз жақсы сөйлей білетін адамдарды «сөзі мірдің оғындай екен» дейді. Ұстаздықдыбыс сазына, үніне кең, толық, таза, айқын сүйкімді дауыс беру үшін жағымды саз беруге дағдылану, жаттығу керек. Бұл туралы А.С. Макаренко «Дауысты үйлестірудің қандай ұлы іс екенін ұғындым. «Жүре беруіңе болады» деген қарапайым үш ауыз сөзді 50 түрлі әдіспен айтуға болады.«Бері кел» деуді 20 түрлі әдіспен айтуды, бет-бейнемді, даусымды 20 түрлі құбылтуды үйрендім», – деген екен.</p> <p>Мұғалімнің мінезі жайдарлы, кең пейілді, сабырлы, ашу шақырмайтын, сөзі өте сыпайы болуы керек. Олай болса мұғалім еңбегінің сан қырлылығы осыдан өрбиді. Бірінші қыры – мұғалімнің өз пәнін меңгеруі; екінші қыры – оны үздіксіз ұштай, шындай түсуі; үшінші қыры – мұғалімнің тілді меңгеруі, сөйлеу шеберлігі; төртінші қыры – байқағыштық сезімі – көрегендігі; бесінші қыры – жасампаздығы; алтыншы қыры – жан-жақты дарындылығы; жетінші қыры – үздіксіз, тынымсыз ізденімпаздығы; сегізінші қыры – үлгі-өнегесі немесе педагогикалық әдеп-этикасы деуге болар еді. Себебі, мұғалімнің келбеті, сыртқы мәдениеті, қарым-қатынасы, өзін-өзі басқаруы, бақылауы, сөйлеу мәдениеті, үнемі жаңа сипатқа ие болып отыруы мұғалімдік мамандыққа тән қасиет.</p> <p>Қорыта айтқанда мұғалімнің сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптарды былай топтауға болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- сөздің жүйелі, түсінікті болуы;</li> <li>- сөздің оқушының жасерекшелігіне сай құрылуы;</li> <li>- сөйлегенде дыбыстардың дұрыс айтылуы;</li> <li>- дауыс күшінің сақталуы;</li> <li>- сауатты, қатесіз жазу;</li> <li>- сөздердің тізбегін табиғи заңдылықтармен дыбыстау;</li> <li>- сөйлегенде сөз тұлғаларын сақтау, қосымша сөздерді өз орнымен қолдану;</li> <li>- сөйлеу әдебінің сақталуы;</li> </ul>	

	<p>- сөйлегенде ойдың көлемі мен мазмұндық құрылымын сақтау.</p> <p>Осы көрсетілген талаптар ұстаз бойынан табылатын болса, мұғалімнің сөйлеу мәдениетін жоғары деп санауға болады.</p> <p><b>Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар</b></p> <p><b>Тест сұрақтары</b></p> <p>1. <u>Мерейтойлық құттықтау сөз</u> , <u>дастархан басындағы сөз</u>, <u>қаралы жиындағы сөз</u> шешендік сөздердің жанрлық-тақырыптық жіктелімінің қай түрі?</p> <p>а) әлеуметтік-тұрмыстық  ә) діни (гомилетика )  б) әлеуметтік -саяси  в) дипломатиялық</p> <p>2. «Риторика» сөзінің (грек rhetorike) мағынасы.</p> <p>а) шешен, ділмар  ә) сөйлеу  б) тыңдау  в) ритор</p> <p>3. «Шешен туралы», «Брут», «Шешен» атты трактаттардың авторы.</p> <p>а) Марк Тулий Цицерон  ә) Аристотель  б) Сократ  в) Марк Фабий Квинтилиан</p>	
<p>№ 8 дәріс</p>	<p><b>Тақырыбы: Студенттерді шешен сөйлеуге ойбөліс (дебат) әдісі арқылы баулу жолдары</b></p> <p><b>Қарастырылатын сұрақтар (дәріс жоспары):</b></p> <p><b>Дәрістің мақсаты:</b> студенттерге педагогикалық риторика пәні бойынша жан-жақты мағлұмат бере отырып, олардың шешендік шеберліктерін жетілдіру аспектілерінің әдістемелік жағын қарастыру, шешен сөйлеуге баулу</p> <p><b>Дәріс мазмұны:</b></p> <p>1. Пікірталас және оның түрлері</p> <p>2. Дебат әдісінің ерекшелігі</p> <p>Бүгінгі таңда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Білім мазмұны мен жаңа үрдістік біліктермен толығып, ақпаратты қабылдау қабілеттері байи түсуде. Оқыту технологиясын жетілдірудің психологиялық-педагогикалық бағыттағы негізгі ой-тұжырымдары сипатталады:</p> <p>1. Есте сақтауға негізделген оқып білім алудан бұрын меңгергендерді пайдалана отырып, ақыл-ойды дамытатын оқуға көшу.</p> <p>2. Білімнің статистикалық үлгісінен ақыл-ой әрекетінің динамикалық құрылым жүйесіне көшу.</p> <p>3. Оқушыға орта деңгейде білім беретін бағдарламадан жекелеп, саралап оқыту бағдарламасына өту.</p> <p>4. Мұғалім мен оқушының бірлік одақта қызмет істеуі бір-біріне басымдық көрсетпеуі – оқушының да субъективті болуы.</p> <p>Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін мектеп ұжымдары, әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық қарым-қатынас жасаулары керек. Оқыту түрлерін, құралдарын одан әрі жетілдіруде тиімді тәсілдерді қолданудың жолдарын іздестіру қажет. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технолологияларын меңгермейінше, жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес. Жаңа технолологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани-азаттық және басқа да көптеген адам келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Жаңа оқытуда оқушы мұғалімнің түсіндіргенін ғана меңгеріп қоймай, мұғаліммен тікелей пікірталасқа көшеді.</p> <p>Өткен ғасырда орыс данышпаны Л.Толстой «О методах в обучении грамоте»</p>	

еңбегінде былай дейді: «Всякий учитель грамоты должен твердо знать и опытом своим проверить одну, выработанную в народе, методу, должен стараться узнавать наибольшее число метод, принимая их как вспомогательны средства, должен, принимая всякое затруднение понимания ученика не за недостаток ученика, а за недостаток своего учения, стараться развивать в себе способность изобретать новые приемы». Осы ойды ғұлама-әдіскер А.Байтұрсынұлы былай деп түсінікті қылып жеткізеді: «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ, олақтықтың белгісі – бір ғана әдісті болу, шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу, керек орында жоқ әдісті табу да қолынан келу. Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек».

Жоғары оқу орындарында студенттерді шешен сөйлеуге оқыту формаларының бірі, яғни шешендік өнерге баулу амалдарының бірі – түрлі тақырыптардағы ойбөліс (дебат) әдісі.

Карл Поппердің дебат технологиясы тілдік тұлғаның дамуына көмектеседі. Бұл технология ЖОО-да оқитын студенттердің шығармашылық белсенділігін арттырады, сонымен бірге зерттеушілік, ізденушілік, жалпы интеллектуалдық қасиеттерін қалыптастырады. Ойбөліс (дебат) сайыстарын жүргізудің негізгі мақсаты – студенттің ой-өрісін дамыту, іздендіру, мәдениеттілікке тәрбиелеу, заңгер, адвокат, судья болуға баулу, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Ойбөлісте (дебат) студенттердің сөйлеу мәдениеті, өзін-өзі ұстай білуі, шыдамдылығы, ойын тиянақты жеткізуі ескеріледі. Ойбөліс (дебат) технологиясына құрылға ойынға студенттер арасынан екі топ қатысады. Бірі бекітуші топ, екіншісі даттаушы топ. Әр топ құрамының белгілі бір шегі болады (3-5 студент). Қатысушылар ойбөліс (дебат) ережесін қатаң сақтауы тиіс. Дебат технологиясы белгілі бір уақытқа есептеледі. Ойбөліске (дебат) қатысушылардың омырауында аты-жөні немесе есімі жазылған бейджик тағылуы керек. Бейджик анық етіп, үлкен әріппен жазылуы тиіс. Бұл технологияны өз тәжірибемізде ЖОО-да «Шешендіктану», «Педагогикалық шешендіктану», «Сөйлеу мәдениеті және риторика», «Тіл мәдениеті», «Тілдік қатынас негіздері» курстарында немесе сабақтан тыс уақытта, яғни «Шешендіктану» үйірмелерінде қолданудамыз.

Ойын топтардың бағытын анықтау үшін жеребе тартудан басталады. Бағыттары анықталған соң әр топтың дайындығына 15 минут уақыт беріледі. Тақырып күрделі болса, оқытушы тақырыптарды алдын-ала беріп қоюына болады. Бұл топ мүшелерінің көп материалдар жинауына, зерттеу жұмыстарын жүргізуге септігін тигізеді.

Әр топта дауыс беру үшін топтағы студенттерді екі топқа бөлуге болады. Топ мүшелерінің өз бағытын қорғай алуын бақылау үшін бір студент бақылаушы болады. Оны тайм-кипер деп атайды. Ол уақытты жазып көрсетіп, немесе дауыстап айтып отырады. Әр топ басшысы өзін және топ мүшелерін танстырғаннан кейін әр топқа өз бағыттарын қорғауға 5 минут уақыт беріледі. Бұған бүкіл студенттердің қатысуына болады. Ойбөліс (дебат) барысында қатысушылар тек шын деректерді ғана келтіреді, болмаған уақиғаны айту не жалған дерек келтіруге рұқсат етілмейді. Олар өздерінің сөздерін газет-журнал беттеріндегі деректі жадығаттармен дәлелдейді. Әр топтағы спикерлер өз баяндамаларын нақты деректермен дәл әрі тез де мәнерлі оқиды, не ауызша айтады. Мысалы, 1-спикер-топ басшысы 6 минут сөйлейді. Ол өз тобын 3-спикерден бастап таныстырады. Өз тобының атын айтады. Ол тұсаукесер бөлімінде айтылады. Содан кейін сөз мағынасы ашылады /тақырыппен байланысты/. Бұл кезеңнің мақсаты – оппоненттердің сөзіндегі түсініксіз жайттарды нақтылау, қарсы топты қандай да бір сұрақтармен бағытынан жаңылдыру, кейін талдау кезінде осыны пайдалану. Оппонет сөзінен, тілінен, пікірінен кемшілік табу. Топтарға қосымша дайындыққа 8 минут уақыт беріледі. Ең соңында бақылаушы екі топтың өз бағыттарын қалай қорғағандарына талдау жасайды. Жеңімпаз топ айқындалады.

Дебат (ойбөліс) технологиясын сабақта пайдалануда оқытушы студент, болашақ педагог-шешеннің бойында мынандай қасиеттерінің қалыптасуына жол



	<p>ашады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• ең бастысы студенттердің сөйлеу мәдениеті артады. Бұған оқытушы баса назар аударуы керек;</li> <li>• студенттердің байсалдылығы, ұстамдылығы, тыңдау мәдениеті қалыптасады /Мәселен, <i>Болат мырза, Ардақ ханым</i> тәрізді тіркестер қолданады/;</li> <li>• сөйлесім әрекетінің алуан түрі жетіледі;</li> <li>• терең білімділігі дамиды;</li> <li>• пәнге деген қызығушылығы артады;</li> <li>• ой мен сөздің сабақтастығының белсенділігі артады;</li> <li>• сыни тұрғыдан ойлау дағдысы қалыптасады;</li> <li>• ойының дүниетанымдық деңгейі кеңейеді.</li> </ul> <p>Десек те оқушы кез келген тақырыпты бұл технологиямен өткізбегені жөн. Себебі барлық тақырып бұған сәйкес келмейді. Әр тақырыптың өзінің дебат технологиясына сұранып тұратыны да, еш қисыны келмейтіні де болады.</p> <p><b>Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар</b></p> <p><b>Тест сұрақтары</b></p> <p>1. "Көп біліп,дөп сөйлеген-шешен,аз біліп,көп сөйлеген-мылжың".Осы нақыл сөз авторы?</p> <p>а) Зейнолла Қабдолов  э) Мұхтар Әуезов  б) Мұзафар Әлімбаев  в) Серік Негимов</p> <p>2. Сөздердің орнын ауыстыру негізінде тіркес мағынасының өзгеруі классикалық риторикада не деп аталады?</p> <p>а) ой фигуралары  э) сөз фигуралары  б) қайталау  в) кейіптеу</p> <p>3. "Қазақ билерінің шешендік сөздері және оның әдебиеттегі тарихи орны" (1945 ж) зерттеуінің авторы.</p> <p>а) Ә.Мәметова  э) Б.Ә.Адамбаев  б) Қосжанов Айтқұл Сағатұлы  в) Шындалиева Меңдігүл Бұрханқызы</p>	
<p>№ 9 дәріс</p>	<p><b>Тақырыбы: Сөйлеу және сөз қолдану мәдениеті.</b></p> <p><b>Қарастырылатын сұрақтар (дәріс жоспары):</b></p> <p>1. Сөйлеу техникасы</p> <p>2. Шешен сөйлеуге жаттығу жолдары</p> <p>3. Дикциямен жұмыс істеу.</p> <p><b>Дәріс мазмұны:</b></p> <p>Тіл байлығы – сөз байлығы. Ал сөз байлығы әр адамның лексиконындағы қолданылатын сөздердің сонымен байланысты болғанымен, негізгі байлық – ой байлығы, сол сөздерді қиюластырып, әсем де әсерлі ой мұнарасын қалай білуде. Аз сөзге көп мағына сыйғызып, әр сөздің парқын, мән – мазмұнын, стильдік бояуын дөп басып беру ойлау қабілетімен, оның творчестволық сипатымен ұштасып жатады. Ал ой байлығына жету үшін тіл дамуының кешегісі мен бүгінгісін, лексикалық қабаттың баю, толығу жолдарын, тілде пайда болған жаңа құбылыстардың өміршеңдігін, бір сөзбен айтқанда, тілдік ішкі, сыртқы мүмкіншілігін жақсы меңгеріп, оған қамқорлықпен, жанашыр сөзбен қарап қадағалап отыру керек.</p> <p>Тіліміздің лексикалық қабатының ең бір өнімді жолы - сөзге қосымша қосу. Бұл ретте сөз тудырушы қосымшалардың ролі басым. Қосымшаларда дербестік болмағанмен, өзіне тән білдіретін мағынасы, қолданылатын аясы, шегі бар. Мағыналы мүмкіншілігіне қарай жұрнақтар жаңа сөз жасаудың, сөздік қорды</p>	

байытудың ең өнімдісі іболып отыр. Әсіресе ғылым мен техниканың саласынан енген сөздерге балама жасауда қазақ тілінің ішкі мүмкіншілігі өте мол. Осыған орай, көптеген қосымшалардың қолданылу аясы кеңіп, олар термин жасауда үлкен роль атқарып отыр. Сөз тудыратын қосымшалардың негізгі бір ерекшелігі – кез келген түбірге жалғана бермейді, олар белгілі бір сөз табына, сөз тобына тән болып келеді. Қосымшаның бір талғампаздық қасиеті кейде ескерілмей, орынсыз қолдану – грамматикалық нормадан жөнсіз ауытқуға әкеледі.

Жарыспалы вариант сөздерге де үлкен ұқыптылықпен қарау керек. Тіл – халық мүлкі, байлығы, оны пайдаға аспайтын басы артық дүние десек те бейнормалық элементтерді көркем әдебиет тілінде көл – көсір жұмсай беруге болмайды. Өткені әдеби тіл жалпы халыққа түсінікті, ортақ, екшелген, сұрыпталған ең асылы, тазасы.

Сөз қолдану мәдениеті сөзді мағынасына сай дұрыс қолданумен қатар оны әсем де әсерлі, көркем, образды етіп жұмсауды талап етеді.

Сөз мәнерлілігі сөйлеген кезде орфоэпия заңдылықтарын сақтаудан, сөздің екпінін, интонациясын дұрыс қойып айтудан көрінеді,

Ал бейнелеу тәсілдері тілімізде сан алуан. Тіліміздің көркемдегіш тәсілдері негізінен көркем әдебиет тіліне тән. Көркем шығарма тілінде сөз өзінің барлық бояу нақышымен, сыр-сипатымен, құпия астарымен, құдірет қасиетімен көрінеді. Теңеу, әсірелеу, метафора, поэтикалық тіркестер, синекдоха, мақал – мәтелдер, тұрақты тіркестер – жазушының негізгі қаруы.

Сөз қолдану мәдениеті сөзді әсерлі қолданумен қатар, сыпайы жұмсауды да талап етеді. Өйткені жазушы болсын, сөйлеуші болсын, өзін қалың жұртшылыққа арнайды. Ал мұндай сөздің тыңдаушының сезіміне тұрпайы тимеуіне, құлаққа жағымды естілуіне қатты көңіл бөлу керек. Көркем әдебиет өмірді шынайы бейнелей отырып, оқырманның ойын, эстетикалық талғамын ұштап, сезім мәдениетін арттыратындай әсер етуі керек. Өмірдегі шынайы, келеңсіз фактілердің тігісін жатқызып, тілдік әдіс – тәсілдер арқылы сыпайы жеткізуге болады. Ол жазушының сөз қолдану мәдениетімен қатар, өз мәдениетіне, ой - өрісіне, тәрбиесіне де байланысты.

### **Шешен сөйлеуге жаттығу жолдары.**

Профессор Г. Қосымованың көрсетуінше, шешендік сөз ақыл-парасатқа негізделсе мазмұнды болады, сонымен қатар шешен сөйлеуге ой айқындылығы, тіл тазалығы, тіл көрнектілігі, сөз дәлдігі, шешенге қойылатын талаптар мен пікірталастың түрлері жатады. Ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін көтеру дегеніміз-күнделікті дайындық. Тілді шұбарламай, дәл, түсінікті, таза, образды, дұрыс, айқынды етіп жеткізу. Шешен сөйлеуге жаттығудың үлкен бір тәсілі үлкен жиындарда немесе халық алдында сөйлеген адамдардың сөздерінің мазмұнын ұғып қана қоймай, материалдарды беру тәртібіне, тілдік шеберлігіне, шешендік әдістеріне көңіл бөлу керек. Шешен сөйлеуге қойылатын талаптар көпшілік алдында сөйлеуге дайындық, білімін көтеру, сөйлеу мәдениетін көтеру.

Дикциямен жұмыс істеу.

Дикциямен жұмыс істеу сөйлеу этикетімен тығыз байланысты.

Сол себепті де тілдік қолданысымыздағы әдеби тілдің нормасынан ауытқудың жөнді – жөнсіз жақтарын студенттердің өздерін қатыстыра, көркем әдебиет, пулицистикалық шығармалардан мысалдар жината отырып айқындау. Тіл құбылысындағы орынсыз ауытқуларды көзімен көріп, құлағымен естіп, куәсі болған азамат тіл құдіретін жүрегімен түсініп, оның қалай болса солай қолданылуына жол бермейді.

**Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар**

### **Тест сұрақтары**

1. «Сөз анасы-құлақ, су анасы-бұлақ, жол анасы-тұяқ». Қай шешенге тиесілі сөз?

- а) Сырым шешен
- ә) Бөлтiрiк шешен

	<p>б) Жириенше шешен в) Арғынбай шешен</p> <p>2. "Екі жағдайда сөйлейтін бол: не өзіңнің сөйлер нәрсенді айқын ойланып алғанда немесе бір нәрсе жайында айту қажет болғанда, өйткені тек осы жағдайда ғана үндемегеннен сөйлеген жақсы, ал қалған жағдайларда сөйлегеннен сөйлемеген анағұрлым артық". Кімнің түйіні?</p> <p>а) Исократ ә) Демокрит б) Протогор в) Плутарх</p> <p>3. Ойды, сезімді әсерлі ету үшін жауабы өзінен өзі-ақ айқын нәрсені әсерлі леппен, сұрау түрінде айтылатын, күмәндану, шүбә келтіру мүмкін емес деген айрықша сенімділікті білдіретін шешендік тәсіл.</p> <p>а) риторикалық сұрау ә) бернелеу (символ) б) мезгеу (синекдоха) в) алмастыру (метонимия)</p>	
<p>№ 10 дәріс</p>	<p><b>Тақырыбы: Дауыс қойылысы және дикция</b> <b>Қарастырылатын сұрақтар (дәріс жоспары):</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Адам дауысы ерекшеліктері</li> <li>2. Дауыстың резонаторлық функциясы</li> </ol> <p>Адам дауысы өзінің табиғатынан алуан түрлі болады. Жақсы дауыс жаттығу арқылы тез қалыпқа келеді. Әрбір адам өз даусын басқарып, жоғары, төмен бір қалыпқа келтіріп айта алады.</p> <p>Дауыс аппараты үш бөліктен тұрады: генераторлық, энергетикалық, резонаторлық.</p> <p>Дауыстың генераторлық функциясы - ауыздың ашылуы, жабылуы арқылы тоналды, дабырлы дыбыстар шығады. Дауыстың энергетикалық функциясы - сырттан ішке ауа тартады.</p> <p>Дауыстың резонаторлық функциясы - дыбысты ішке тарту, одан шығарғанда көмей арқылы шығару.</p> <p>Дауыстың күшті шығуы - сөйлеу органдарының, дыбыстың күшіне байланысты. Дауысты қалаған жерге жеткізу - дауыс кернеуі арқылы орындалады. Дауыстың жай және қозғалмалы түрі болады. Оны төменгі диапазонмен айтуға болады.</p> <p>Дауыс тембрі - дауысты түрлендіреді. Ол мүмкін жұмсақ - майда адамның жеке ерекшелік сипатын байқатады. Адамда қосымша болатын дауыс тоны адамның резонаторлық дауыс құбылысын сипатайды.</p> <p>Дауысты тәртіпке келтіру үшін жаттықтырып тәрбиелеу керек. Соның нәтижесі дауыс тоны өзгеріп, оқушыға ұнамды болады.</p> <p>Дауысты дұрыс сақтай білу үшін оған гигиеналық талап қажет. Дауыс қарлықпай, біркелкі сақталуы үшін әрбір 2-3 сағат сайын көлемді мерзімді дем алу, тыныстау, нервтік жүйені бір қалыпта ұстау керек. Аса ыстық, аса суық тағамдардан сақтану, ішімдіктен, темекіден сақтану керек. Оның бәрі гигиеналық режиммен пайдалануы керек. Дауысты, тыныс жолдарын шаң-тозаңнан, мелден, суыққа бірден шығудан сақтандыру керек.</p> <p><b>Дикция.</b> Буын, сөз, дыбыстарды дұрыс айту - мұғалімнің дұрыс дикциясына байланысты. Егер мұғалімнің дикциясы дұрыс болса, оқушы оның сөзін дұрыс, ықыласпен тыңдайды.</p> <p>Дикция дұрыс болу үшін ерін, езу, тіс, көмекей, жақ, таңдай сияқты сөйлеу аппараттары дұрыс жұмыс істеуі керек. Ол үшін мектепте, үйде жаттығу жұмыстарын көп жүргізу керек. Ондай жаттығулар - дыбыстардың айтылу артикуляцияларын жаттықтыру, мәнерлеп оқуды жүзеге асыру, дауысты, дауыссыз дабыстардың айтылу, қолдану дағдыларына жаттықтыру керек. Айтылған сөйлеу мәнері оқушының талаптарына үйлессе, мұғалім мен оқушы арасы жақындаса түседі. Мұғалімнің бағыттылығы өзінің монологтық сөзін іштей диалог ретінде құрады. Сондықтанда мұғалім сөзі балаға бірден әсер етеді. Оларды бірлесіп жұмыс істеуге шақырады. Мұғалім сөзі оқушыға екі канал арқылы беріледі: дыбыс, визуалдық (келбет-пішін, қозғалыс, эмоция түрінде) түрде беріледі. Мұғалімнің ешбір қағаз деректерге сүйенбей тез арада шығармашылық кейіпте балалар алдында сөз тауып айтып әсер ете білуі бала үшін таңданып үлгі аларлық әсері болады. Осы сияқты мұғалімнің сөйлеу ерекшелігіндегі - сөз моделін жасау, сөз тонын</p>	

	<p>сақтау сияқты қасиеттері мұғалімнің сөз өнері шеберлігін көрсетеді. Сонымен бірге мұғалім мен оқушы арасындағы сөз өнері арқылы жасалған қатынасты оқушылардың адам-гершілік тәжірибесін байыта түскендігінің, айғағы болады. Келешек мұғалімдердің сөйлеу тілін дамыту жолдары:</p> <p>Дұрыс әдеби тілмен сөйлеуге дағдылану. Өзінің сөйлеу тілінің дамуына бақылау, басшылық жасау, қарым-қатынасы ситуацияларында бағдар таба білу. Сөз қолдану, сөз буындарын дұрыс айта білу, сөздіктерді пайданалу, жаңа сөздерді қолдана білу сияқты міндеттерді жүзеге асыру.</p> <p><b>Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар</b></p> <p><b>Тест сұрақтары</b></p> <p>1. “Қайталау-топ алдында айтылған сөзге шешендік сипат беретін күшті құралдардың бірі. Ол айтпақ ойдың бір қырына тыңдаушы назарын қазықтай түседі, сонымен қатар көркемдік-эстетикалық жүкте арқалайды. Қайталаудың қай түрі де: бір сөздің бір сөйлем ішінде қайталануы; сөздің не тіркестің қатар келген сөйлемдер арасында қайталануы; абзацаралық қайталаулар шешен сөзін ритмикалық ,синтагмалық периодтық топтарға ажыратады”. Кімнің ғылыми пікірі?</p> <p>а) Р.С.Сыздықова  ә) Н.О.Оралбаева  б) Ә.Мәметова  в) Гүлбану Қосымова</p> <p>2. Кім көрді көктің жерге құлағанын,  Кім көрді күннің жарық сұрағанын... (И.Байзақов)  Қайталаудың қай түрі?</p> <p>а) анафора  ә) эпифора  б)аллегория  в) антитеза</p> <p>3. «Жақсы ойлар тамаша сөзден артық саналады. Сөз дегеніміз,былайша айтқанда, сырт киім. Ой-киімнің астында жасырынған дене”. Кімнің пікірі?</p> <p>а) Ф.М.Достаевский  ә) П.С.Пороховщиков  б) М.Горький  в) Д.И.Писарев</p>	
<p>№ 11 дәріс</p>	<p><b>Тақырыбы: Дауыстың акустикалық негіздері</b>  <b>Қарастырылатын сұрақтар (дәріс жоспары):</b></p> <p>3. Дауыстың жоғарылығы  4. Дауыстың күші, қуаты</p> <p><i>Дауыс</i> – бұл өзінің күрделілігіне және әлеуметтік маңыздылығына байланысты емес адам көмейінен шығатын кез келген дыбыс. Дауыс генераторлық бөлім ретінде қызмет ететін көмейде пайда болады. Тыныс алу мүшелері – энергетикалық бөлім. Энергия көзі ретінде дауыс шымылдығының тербелісін тудыратын ауа ағыны болады. Қойылмалы түтік (жұтқыншақ, мұрын және ауыз қуысы) – мұнда дыбыс өз күшін және мәнерін алатын жаңғырықтыру бөлімі. Дыбыстың акустикалық қасиетін ажырату есту қабілетінің көмегімен іске асырылады.</p> <p><i>Үн дыбысы</i> – қалыңдай түскен толқын және тітіркендіріш түрінде жайылатын ауа бөлшектерінің тербелісі.</p> <p><i>Дауыстың жоғарылығы</i> - есту мүшелерінің тербелгіш қозғалыстарының жиілігін субъективті түрде қабылдауы.</p> <p>Ауа тербелісі неғұрлым жиі болса, солғұрлым дыбыс жоғары болып шығады. Дауыстың жоғарлығының сапасы дауыс перделерінің бір секунд үшінде түсетін тербеліс жиілігіне байланысты болады. Негізгі үн (тон) жиілігі герцпен өлшенеді. Жай сөйлеу тілінде еркектерде 85-тен 120 Гц-ке дейін, ал әйелдерде 160-тан 340 Гц-ге дейін өзгереді. Негізгі үннің өзгерістері сөйлеу тілінің мәнерлігіне әсер етеді.</p> <p><i>Дауыстың күші,қуаты</i> дауыс шымылдығының діріл қарқынына байланысты</p>	

болады. Децибелмен өлшенеді. Дауыс перделерінің діріл қарқыны неғұрлым көп болса, солғұрлым дауыс күшті шығады. Дыбыс тембрі немесе дыбыс ренкі дауыстың сапасының маңызды сипаты болып табылады. Ол күрделі дыбыстардың акустикалық құрамын көрсетеді және тербеліс күші мен жиілігіне тәуелді болады.

Дауыс үшін ең маңызды болып оны шығару тәсілі – «дыбыс шабуылы» деп аталатын тәсіл. Дауыс шығарудың үш түрін ажыратады: 1) алғашқыда жеңіл дем шығару, кейін дауыс перделері қабысып, тербеліске түседі. Дауыс болмашы шудан кейін естіледі. Бұндай тәсіл «қырылдақ (көмей) шабуыл» деп аталады; 2) дауыс перделерінің қабысуы мен дем шығару кезі қатар келеді. Бұл дыбыстың «жұмсақ шабуылы»; 3) алғашқыда дауыс перделері қабысып, содан кейін оларды тербеліске түсіріп дем шығарылады. Бұл түрі «қатты шабуыл» деп аталады.

Көп қолданылатын және физиологиялық негізделген «жұмсақ шабуыл» деп саналады. Бірақ дыбыс шығарудың қалған екі тәсілін де қолдануға болады. Ол дауыс міндеттеріне және адамның эмоциялық күйіне байланысты болады. Сонымен қатар кейбір жағдайда түзету жұмысында дауысты қою мақсатымен пайдаланылады.

**Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар**

**Тест сұрақтары**

1. М.В.Ломоносовтың ”Шешендікке қысқаша басшылық” атты оқулығының жарық көрген мерзімі.

- а) 1748 жыл
- ә) 1751 жыл
- б) 1721 жыл
- в) 1766 жыл

2. Көп сөйлеме, азбен келтір иінін,

Бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін. Кімге тиесілі сөз?

- а) Юсуф Баласағұни
- ә) Ахмед Иүгінеки
- б) Ахмед Иассауи
- в) Махмуд Қашқари

3. Тыңдаушы типтері қайсысы?

- а) конструктивті; конфликтілі; келісімпаз
- ә) интеллектаьды-танымдық; моральдық-тәрбиелік
- б) өзін-өзі ұстауы мен психикалық жағдайы; бірыңғайлық дәрежесі

в) түсіну деңгейі; әсер етудің субъектісі

№ 12  
дәріс

**Тақырыбы: Педагог маманның ауызша сөйлеу мәдениеті**

- Педагогтің шешен сөйлеу амалдары
- Лекция. Оның түрлері

Халықтық педагогиканың негізгі бағыттарының бірі – сөз өнері болса, оқу-тәрбие үрдісінің жүзеге асатын негізі сабақта оқушылардың қолданатын құралы «сөз» екені бәрімізге аян. Сабақ үстінде мұғалім сөйлейтін сөзі арқылы сабақтың басынан аяғына дейін түрлі жұмыстар атқарып отырады. Осыдан «*Оқушыларға білім, тәрбие беретін ұстаздың сөзі қандай болуы керек?*» деген сұрақ тууы мүмкін.

Ұстаздың айтатын сөзі педагогтік қасиеттерге сай, оқушыға білім мен тәрбиені қатар беретіндей, айтқанын шәкірті тыңдай білетіндей болуы тиіс. Ұстазының айтқанын шәкірті ұға білсе, сөз астарын аңғара алса, әр сөздің парқын, мәнін түсінсе ғана әр сабақ нәтиже беретіні сөзсіз.

Заман ағымына орай, қазіргі мектеп мұғалімінің алдында айтқанын шәкіртіне ұқтыра алатын, ұққанын зейініне, ойына түйе білетін, түйгенін, түсінгенін түйдектеп еркін жеткізе алатындай дағдыларды қалыптастыру міндеті тұрады. Оқушыны тіл мәдениетіне өзінің сөзі арқылы үйрету – мұғалімнің күнделікті сабақта көздейтін аса маңызды міндеті.

Сонымен қазіргі педагог маманның ауызша сөйлеу мәдениетіне қойылатын

талаптарды былай топтастырсак:

1. Мектеп табалдырығын аттаған балалар шаңқылдап сөйлейтін ұстазға тап болса, соған құлақтары үйреніп, ақырын айтқан сөзді ұқпайтын болады. Баппен, салиқалы дауыспен сөйлейтін ұстаз сәл дауысын көтерсе, елең етіп жым болады.

2. Шәкіртіне ұстаз дауысының көтеріңкі, баяу, төмен болуының тигізетін ықпалы мол.

3. Қатты сөйлеп тұрып, ақырын бәсеңдей сөйлесе, немесе баяу сөйлеп тұрып, қатты сөйлеп қалса, шәкірт назары ұстазға, зейіні сабаққа ауады. Ұстаз дауысының монотонды болуы оларды жалықтыруы мүмкін.

4. Сабақ үстінде қабілеті төмен оқушылар ынталанып жауап беріп отырса, көтермелеу, мадақтау сөздерімен білімі бағаланғаны жөн.

5. Сабақ үстінде мұғалім жеке басындағы көңіл-күйіндегі жағдайлардың әсерімен оқушыларды жазғырып, балағаттаудан аулақ болғаны жөн.

6. Мақпалдай майда, жұмсақ сөзден гөрі сабырлы да талап қоя сөйлегені қолайлы.

Мұғалімнің шешен сөйлеуі, соның ішінде ауызша шешен сөйлеуі үшін мынандай теориялық мәселелерді де білгені абзал:

- шешендік сөз, оның ерекшеліктері. Шешен сөйлеу (шаршы топ алдында сөйлеу) амалдары;

- ата-аналарға, жұртшылық алдында оқылар *лекция*. Лекцияның мазмұны мен тілдік жағынан безендендіру ерекшеліктері;

- шаршы топ алды ауызша сөз сөйлеу түрлері. *Баяндама*, ерекшеліктері. Әдістемелік бірлестіктегі, педагогикалық кеңестегі, ата-аналар жиналыстарындағы баяндама. Жұмыс тәжірибесі турасындағы *салыстырмалы баяндама* (тәжірибе алмасу үлгісі). Рефераттық қалыптағы баяндама (әдебиеттерге шолу);

- талас, ойталқы (диспут), пікіралмасу (дискуссия), полемика;

- *пікірталасты* ұйымдастыру және жүргізу. Пікіралмасу бағытындағы сөйлеу;

ауызша және жазбаша есеп беру (үйірме, әдістемелік бірлестік жұмысы туралы), оның ерекшеліктері.

«Ысылмаған ауыздан кедір-бұдыр сөз шығады» деп, Ғабиден Мұстафин айтқандай, мұғалімнің қыстырма сөздерді қоспай, кітапқа қарамай, бір сөзін қайталамай орынды, шебер, шешен, жатық, тыңдаушыны өзіне баурай сөйлеуі шәкірттердің алдында ұстаз беделін арттырады.

Ия, шынында да, мектеп мұғалімі өзін үнемі сынақ алаңында жүргендей сезінуі керек. Ол өзінің тек білімділігін жетілдіріп қана қоймай, сонымен қатар шешен сөйлеу дағдыларын да үнемі жетілдіріп отырғаны жөн. Мұғалімнің аузынан шыққан әр сөз – оқыту мен тәрбиелеу құралы болуға тиіс.

**Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар**

**Тест сұрақтары**

1. Мерейтойлық құттықтау сөз, дастархан басындағы сөз, қаралы жиындағы сөз шешендік сөздердің жанрлық-тақырыптық жіктелімінің қай түрі?

а) әлеуметтік-тұрмыстық

ә) діни (гомилетика)

б) әлеуметтік -саяси

в) дипломатиялық

2. «Риторика» сөзінің (грек rhetorike) мағынасы.

а) шешен, ділмар

ә) сөйлеу

б) тыңдау

в) ритор

3. «Шешен туралы», «Брут», «Шешен» атты трактаттардың авторы.

а) Марк Тулий Цицерон

ә) Аристотель

	<p>б) Сократ в) Марк Фабий Квинтилиан</p>	
№ 13 дәріс	<p><b>Педагог маманның ауызша сөйлеу мәдениеті</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Таластарды ұйымдастыру және жүргізу</li> <li>• Ауызша және жазбаша есеп беру</li> </ul> <p><b>Дәрістің мақсаты:</b> студенттерге педагогикалық риторика пәні бойынша жан-жақты мағлұмат бере отырып, олардың шешендік шеберліктерін жетілдіру аспектілерінің әдістемелік жағын қарастыру, шешен сөйлеуге баулу</p> <p><b>Дәріс мазмұны:</b> педагог маманның ауызша сөйлеу аспектілері ауызша сөйлеу мәдениетінің нормалары</p> <p>Адам өзі өмір сүретін қоғамның рухани мәдениетін бойына сіңіру үшін әлеуметтік ортада қоғам мүшелерімен қарым-қатынасқа түсіп, түрлі әрекет етеді, өзінің рухани ізденісін жүзеге асырады. Қазіргі кезде рухани мәдениеттің тоқырауы ізгілік, адамгершіліктің төмендеуіне, қара бастың қамын ойлап, тек материалдық дүние шырмауында қалуға ықпал етуде. Бүгінгі таңда бұл мәселе мектепті бей-жай қалдыра алмайды. Мектепте рухани таным мәдениетін қалыптастырудың бір жолы – оқушыларды қоршаған ортаның өмір шындығын сезе, түсіне, қабылдай білуге, халқымыздың ұлттық өнерін қастерлеуге, әсемдігін тани білуге баулу. Сонымен қатар өнер иелерімен кездесу, олардың өмірбаяндарымен танысу, әңгімелесу, дәріс сабақтар, семинарлар өнер адамдарының тіршілік жағдайларын түсінуіне, сезінуіне ықпал етеді.</p> <p>Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жана дәуірдің күн тәртібінде тұрған келесі мәселесі – білім беру, ғылымды дамыту. Осы орайда білім ордасы – мектеп, ал мектептің жүрегі – мұғалім екені баршаға мәлім. Сондықтан қазіргі таңда, <a href="#">ен әуелі</a>, мектепке керегі – педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім екені даусыз. Ұлы педагог Ахмет Байтұрсынұлының «Мектеп керектері» деген еңбегінде былай делінген: «Мұғалім қандай болса, мектеп хәм сондай болмақшы. Яғни мұғалім білімді болса, ол мектептен балар көбірек білім алып шықпақшы». Аханның осындай ұлағатты сөзіне біз былай деп қосқан болар едік: «Мұғалімге керегі тек білім ғана емес, сондай-ақ сөйлеу шеберлігі, яғни кәсібилік, біліктілік, білімділікпен қатар, сол бар ілім-білімін жеткізе алатын сөйлеу шешендігі, кәсіби шешендік».</p> <p>Ұстаз – киелі мамандық. Адам тәрбиелеу, оған ғылым негіздеріннен мәлімет беру, баланы өмір сүруге үйрету - өте қиын шаруа. Қай кезде де мектепте сабақ беретін мұғалім күн сайын ерлікке пара-пар жұмыс жасайды. Атақты педагог ғалым В.А.Сухомлинский «Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүрекпен ұға білу болып табылады» деп, ұстаздық өнерге ерекше баға берген. Шынында да нағыз педагогикалық шеберліктің шыңына жетудің құрамдас бір бөлігі ретінде педагог шешеннің сөйлеу мәдениетін жатқызуымызға болады.</p> <p>Педагогикалық жұмыста мақсатты тәрбие ісі мұғалімнің тәрбиелік қызметі арқылы іске асады. Педагог-ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, мұғалімнің сөйлеу мәдениеті мен шеберлігін, интеллектуалдығын төмендегіше анықтауға болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• мұғалімнің сыртқы келбет мәдениеті;</li> <li>• мұғалімнің өзін-өзі басқару шеберлігі;</li> <li>• мұғалімнің мимика (жест) мәнерлі негіздері</li> <li>• мұғалімнің сөйлеу шеберлігі;</li> <li>• мұғалімнің дауыс дикциясы, интонациясы;</li> <li>• мұғалімнің сөйлеу логикасы;</li> <li>• мұғалім мен сыныптың ара қатынасы;</li> <li>• мұғалімнің сөйлеу этикасы;</li> <li>• мұғалімнің сөйлеу техникасы.</li> </ul>	

	<p align="center"><b>Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар</b></p> <p><b>Тест сұрақтары</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Шешендік сөздің түрлерін тап.       <ol style="list-style-type: none"> <li>арнау, толғау, дау</li> <li>жуан, жіңішке, ашық, қысаң</li> <li>аралас, сабақтас, салалас</li> </ol> </li> <li>Құрмалас сөйлемді тап       <ol style="list-style-type: none"> <li>Белгісіз солдат ағаш арасына сүңгіп кете барды.</li> <li>Соқаның тісі тонға тисе , ауызың майға тиер.</li> <li>Мен- бастауышы.</li> </ol> </li> <li>Қазақтың алғашқы биі кім болған?       <ol style="list-style-type: none"> <li>Малайсары би</li> <li>Төле би</li> <li>Майқы би</li> </ol> </li> <li>Қосымшаның неше түрі бар?       <ol style="list-style-type: none"> <li>4</li> <li>2</li> <li>3</li> </ol> </li> </ol>	
<p>№ 14 дәріс</p>	<p><b>Тақырыбы: Педагог маманның жазбаша сөйлеу мәдениеті</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Аннотация, оның түрлері       <ul style="list-style-type: none"> <li>Жаңа педагогикалық әдебиеттердің, мамандыққа сәйкесті еңбектердің аннотациясы</li> </ul> </li> </ul> <p>«Аннотация» латын тілінен аударғанда «annotatie» - «ескертпе» деген мағына береді, кітаптың, мақатаның мазмұнын, саяси-идеялық бағытын, құндылығын түсіндіретін қысқаша сипаттама». Бұл жанр туралы да әртүрлі тұжырымдар бар: «Аннотация сол шығарманың негізгі мән-маңызын қысқаша түйіндейді», - дейді профессор Тұрсынбек Кәкішев. Осындай анықтаманы академик Мұхаметжан Қаратаев пен профессор Тауман Амандосов та айтқан. Сайып келгенде, аннотацияға мынадай сипаттама беруге болады: «Аннотация - бір ғана шығарманың қысқаша мазмұны».</p> <p>Аннотацияның кітапқа жазылатын еңбектің бірінші бетінде берілетін өте шағын түрі және баспасөзде басылатын шығарманың қысқаша мазмұнымен бірге қосымша пікір, үгіт-насихат жасауға құштар авторлардың мақаласы кездеседі. Бұл жердегі басты мәселе автор қалам тартуының басты мақсатын айқындап, әр жапрдан бір жұлып ала-құла жасамай өз білімін жанрлық ерекшелікке бұруы тиіс. Демек, шығарманы немесе кітапты талдай ма, сынай ма, аннотация жазады ма, жоқ әлде жарнама жасай ма қашан да сыншының қаперінде сараланған жинақы ой айту мақсат етілуі керек.</p> <p>Аннотацияға қойылатын талаптардың өзіндік ерекшеліктері бар, яғни, аннотацияға бірдей талап қойылмайды. Кітаптың алғашқы бетіне берілетін аннотация мен баспасөз беттеріндегі аннотацияның өзара айырмашылығы бар. Қазақ баспасөз беттерінде аннотациялір көп кездеседі, және ол үлкен өзгеріске ұшыраған түрде кездеседі.</p> <p>Аннотацияның басты қызметі кітапқа қысқаша сипаттама беру десек, кейде аннотация жазушылар кеңейтіп жазу барысында басқа жанрға ауысып кетіп жатады. Ал бұл дегеніміз кітапқа жазылатын аннотацияның кемшіліктері баспасөзде жазылатын аннотацияның жетістіктеріне айналады. Бұл туралы сыншы Д.Ысқақұлының «Сын жанрлары» атты еңбегінде нақты сарапқа салады. Баспасөз бен кітаптың алғашқы бетінде жүретін аннотацияның аражігін айырып, тиімді пайдалану кез-келген сыншыға қойылатын талаптардың бірі. Демек, баспасөз беттерінде жүретін аннотациялар көпшілікке арналып, кейде рецензияға айналып кетіп жатады. «Ана тілі» газетінің әр санында әдебиет, тарих, тіл саласында шыққан жаңа кітаптармен таныстыра отырып, аннотацияға орын беріп отыруды үрдіске айналдырған.</p> <p>Аннотация мен рецензиядан басқа баспасөз бетінде үнемі халыққа жаңалық,</p>	



	<p>ақпарат жеткізіп отыратын, көпшілікті әдеби-мәдени хабармен қанықтыру қызметін атқарушы <i>әдеби хабар</i> немесе <i>әдеби сын</i> жанрының ең икемді, шағын жанры. Басқа сын материалдардан бұрын халыққа әдебиет айдынында жарық көріп жатқан жаңа туындылар мен мәдени жаңалықтарды газет арқылы жеткізуді мақсат ететін ыңғайлы жанрлар. Зерттеушілердің айтуынша, алғашқы қазақ баспасөзінің «Айқап», «Дала уалаятының газеті», «Түркістан уалаятының газеттері» беттерінде әдеби хабар түріндегі ғалым Т.Кәкішевтің айтуындағы «жарнама-сындар» жарық көрген. Қазір бұл «жарнама-сын» «Қазақ әдебиеті» газетінде «Баспалар, басылымдар» айдарымен және газеттің «Кітап әлемі» қосымшасы арқылы жиі беріледі. Ал бұған дейін аталмыш газеттегі әдеби хабар «ҚӘ хабарлайды», «Қазақстан жазушылар одағында» атты айдарлармен беріліп келді.</p> <p><b>Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар</b></p> <p><b>Тест сұрақтары</b></p> <p>1. Шешендік арнау дегеніміз не?</p> <p>а) бір адамға арнайы айтылған сәлем, сын, әзіл, бата  б) заттық мәселелерді зерттейтін әдет заңы  с) шешендік мақал, нақыл, мысал, жұмбақ</p> <p>2. Қазақ шешендік өнері неше кезеңнен тұрады?</p> <p>а) 5  б) 6  с) 4</p> <p>3. Қазіргі шешендіктің түрлері қанша?</p> <p>а) 3  б) 6  с) 5</p>	
<p>№ 15 дәріс</p>	<p><b>Тақырыбы: Педагог маманның жазбаша сөйлеу мәдениеті</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Биография және өмірбаян</li> <li>• Автобиографиялық жанр және педагогикалық тақырыптағы әдебиеттер</li> </ul> <p><b>Өмірбаян</b> – жеке адамның өмір жолы хронологиялық тәртіпте қысқаша жасалған ресми құжат. Әдетте оқуға түсу, жаңа қызметке орналасу кезінде жазылады. Онда азаматтың аты-жөні, туған жылы, күні, айы және туған жері, ұлты, отбасы жағдайы, білімі, бітірген оқу орындары, қызметі мен жұмыс тәжірибесі туралы және т.б. қосымша мәліметтер көрсетіледі.</p> <p>Тәжірибеде өмірбаян үш түрлі болып жазылады. Бірі-адамның өз өмірі мен қызметі туралы баяндауы. Бұл көбінесе қызметке орналасу кезіндегі жеке іс қағазына қоса тігілу үшін жазылады. Онда адам өзінің аты-жөнін, туған күнін, толық көрсетеді. Одан кейін жаңа жолдан нақты деректермен санамалап жазады. Өмірбаянның бұл түрі көбінесе ресми түрде жазылады да, көлемі жағынан шағын болады.</p> <p>Өмірбаянның екінші түрі — мемуарлар, яғни акын, жазушылардың, өнер, қоғам қайраткерлерінің өз өмірін қоғам өмірімен байланыстыра баяндауы. Мұндай өмірбаяндар көркем шығармаға жақын, әдеби тілмен, шебер жазылғандығымен оқырманды тартады және ол оқырманды жеке адам өмірімен ғана емес, қоғам дамуымен таныстырады. Мұндай шығармалар кай тілде болмасын өте көп және қара сөзбен де, өлең сөзбен де жазылған түрі кездеседі. Мысалы, Қ.Байсейітовтың "Құштар көңіл"(1977) Ш. Жиенқұлованың «Өмірім менің - өнерім» (1983) кітаптары өмірбаянның осы түріне жатады.</p> <p>Өмірбаянның үшінші түрінде қоғамға белгілі қайраткерлердің өмірі мен шығармашылық, саяси қызметтері өз тарапынан емес, басқа біреулер тарапынан баяндалады. Мәселен, ұлы жазушылар мен ақындар - Абай, Ш. Уәлиханов, А.С.Пушкин өмірлері туралы шығармалар осындай өмірбаян түріне жатады. Мысалы, С.Мұқанов - «Аққан жұлдыз», М. Әуезов «Абай жолы». Өмірбаянның мұндай түрі көркем шығарманың әр</p>	

<p>түрлі жанрлары ыңғайында очерктен бастап роман-эпопеяға дейін жазыла береді.</p> <p>Күнделікті өмірде ең жиі қолданылатын құжаттың біріншісі - өмірбаян. Өмірбаян әркімнің өз қолымен, таза, жүйелі түрде, сиямен жазылады. Арнайы қағазға жазылуы да мүмкін.</p> <p><b>Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар</b></p> <p><b>Тест сұрақтары</b></p> <p>1. М.В.Ломоносовтың ”Шешендікке қысқаша басшылық” атты оқулығының жарық көрген мерзімі.</p> <p>а) 1748 жыл  ә) 1751 жыл  б) 1721 жыл  в) 1766 жыл</p> <p>2. Көп сөйлеме, азбен келтір иінін,  Бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін. Кімге тиесілі сөз?</p> <p>а) Юсуф Баласағұни  ә) Ахмед Иүгінеки  б) Ахмед Иассауи  в) Махмуд Қашқари</p> <p>3. Тыңдаушы типтері қайсысы?</p> <p>а) конструктивті; конфликтілі; келісімпаз  ә) интеллектаьды-танымдық; моральдық-тәрбиелік  б) өзін-өзі ұстауы мен психикалық жағдайы; бірыңғайлық дәрежесі  в) түсіну деңгейі; әсер етудің субъектісі</p>	
--	--